Бекітемін: [signature]
Оқу ісі меңгерушісі: С.Қанатбаева

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Білім беру ұйымы: Т.Жаманмұрынов атындағы ЖББОМ мектебі
Тобы: мектепалды даярлық тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрыл кезеңі ( күні, айы, жылы) 8- 12.01.2024ж

| Күн тәртібі | **Дүйсенбі 8.01.2024** | **Сейсенбі 9.01.2024** | **Сәрсенбі 10.01.2024** | **Бейсенбі 11.01.2024** | **Жұма 12.01.2024** |
|---|---|---|---|---|---|
| 1.Балаларды қабылдау. | Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу.Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Балалардың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме, оны не қызықтырады, баланың жеке пікірін білдіруге қатысты. | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу.Кеңес беру. | Ата-аналармен баланың денсаулығы, үй режимі, тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелер, кеңестер | | | | |
| Баланың дербес әрекеті. (үстел үсті ойыны. баяу қимылды ойындар, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар) | **Д/ойын: «Қарап ал**<br><br>**да есіңе сақта»**<br><br>***Мақсаты:*** балаларды көрген суреттерді есі<br><br>не сақтап,көз алдына елестете отырып ,әр қайсысын ретімен атап шығуға ,үй жану-<br><br>арларының,аңдардын және құстардың жал-<br><br>пы аттарын айтқызу.<br><br>Оларды қорғауға қамқоршы болуға тәрбиелеу.<br><br>***Көрнекіліктер***: үй жануарлары,аңдардың,құстардың суреттері. | **Д\ойын «Ғажайып қоржын»**<br><br>**Мақсаты:** Балаларды заттарды тиісті қасиеттеріне қарай ажырата білуге үйрету.<br><br>**Ойын шарты**: Қоржындағы затты сипап біліп атау. Бала затты дұрыс сипаттап бергеннен соң ғана зат қаптан алынып, балаларға көрсетіледі, ал дұрыс аталмаса қаптан алынбайды.<br><br>**қажетті құралдар**: Ғажайып қоржын. Балалар санына сәйкес, таныс ойыншықтар. | **Д/ойын:«Экологиялық пирамида».**<br><br>**Мақсаты**: Балаларды логикалық ойлай білуге, әр сатыны таңдауын негіздей отырып, экологиялық пирамида құрастыруға үйрету. Табиғаттағы барлық нысандардың өзара байланысын көре білуге баулу. | **Д/ойын: «Зоологиялық домино».**<br><br>**Мақсаты:** Балалардың жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін бекіту; ұғымталдыққа, зейін қоюшылыққа баулу.<br><br>**Ойын ережелері:**<br><br>Кімде-кім өз карточкаларын бірінші болып қойса, сол жеңімпаз болады. Жүрісті жіберіп алмай, карточканы дер кезінде қойып, мұқият болу. | **Д/ ойын:Не артық?**<br><br>**Мақсаты**: Балаларды суретке қарап,оларды топтастыруға үйрету. Құстар мен жануарлардың жеке және жалпы аттарын айтқызу. Оларды қорғауға қамқоршы болуға тәрбиелеу.<br><br>**Көрнекіліктер**:әр түрлі құстар мен үй жануарлары бейнеленген суреттер. |
| Таңертеңгі жаттығу \ | Картотека №5 | | | | |

<table>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекет</td><td colspan="5"></td></tr>
<tr><td rowspan="3">Кестеге сәйкес<br>1-ші<br>ұйымдастырылған<br>іс –әрекет</td>
<td>Көркем әдебиет<br>Міндеті: Сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу.<br>Күтілетін нәтижелер: сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолданады;<br>Дидактикалық ойын: «Мақалдың жалғасын тап»<br>Ойын шарты: Мақалды жартысы сөзбен жазылған, қалған бөлігі сурет арқылы берілген.Мен сөзді оқимын , ал оқушылар суреті айтуы керек.Сонда мақалдың толық нұсқасы шығады.<br>2.Топтық ойын: Оқушыларды екі топқа бөліп, оларға отбасы мен оқу құралдардың суреттері беріледі.Тақтаға екі мақал іліп қойамын.Сол мақалдарға байланысты суреттерді ретімен орналастырып шығуы керек.Сол кезде мақалдардың толық нұсқасы шығады.<br>Мысалы: Отбасы туралы мақал.<br>Ата –байтерек,<br>Бала-жапырақ.<br>Оқу туралы мақал<br>Оқу инемен құдық қазғандай.</td>
<td>1.Құрастыру, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру<br>Міндеттері: Қағаздан құрастыру. Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу. Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту.<br>1.Дидактикалық ойын: «Бұл қай мезгіл?»<br>Ойын шарты: Бұл қай мезгіл? Оқушылар қыс мезгілінің ерекшеліктері туралы айтайықшы. Далада қандай өзгешелік бар?Қардың түсі қандай?Қардан аққала жасағанды кім ұнатады? Олай болса оқушылар қыс мезгілінің қызықтары туралы табиғат көрнісін бірге жапсырайық.<br>2.Топтық жұмыс:<br>Оқушылар бүгін біз ақ қағазды пайдаланып аққала жасаймыз.Сол себепті бәріміз аққаланың пішіндерін жасаймыз.Алдымен аққаланың денесін жасаймыз.Содан кейін аққаланың қалпағы мен шыпырғышын жасаймыз.Қиылған пішіндерді ретімен орналастырамыз</td>
<td>Сауат ашу негіздері<br>Міндеті: Сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау.<br>Күтілетін нәтижелер: сөйлем сөзден тұратынын біледі;<br><br>Дидактикалық ойын:<br>«Кім жылдам?»<br>Ойын шарты: ортаға орындықтарды дөңгелетіп қоямыз.Музыка қосылған кезде орындықтарды оқушылар айналып билеп жүруі керек.Музыка тоқтағанда оқушылар орындықтарға отырып қалуы керек.Орындыққа отыра алмаған оқушыға бір сөз айтамыз.Сол сөзге сөйлем құрау крек.<br>Топтық жұмыс:<br>Оқушыларды топқа бөлеміз. Екі топқа бірдей сурет көрсетеміз.Қай топтың оқушысы сол сөзге сөйлем құраса, сол топқа бір ұпай береміз.Ойын солай жалғасады.Ұтқан топ марапатталады.</td>
<td>1.Сауат ашу негіздері<br>Міндеттері: Буындар туралы ұғымды қалыптастыру<br>Күтілетін нәтижелер: сөздерді буындарға бөледі, олардың саны мен ретін анықтайды;<br>1 Дидактикалық ойын:<br>«Буынды қос» (доппен)<br>– Балалар, шеңберге тұрайық. Мен буынды айтып, бір балаға допты лақтырамын, бала допты ұстап алып, бір немесе бірнеше буынды қосып, сөзді жалғастырады. Кім дұрыс айта алмаса немесе тез буынды айтпаса, айыбын өтейді.<br>Мысалы:( ас+паз, кі+тап, ба+лық, ба+ла).<br>2.Топтық ойын: «Буындарды қос»<br>Әр түрлі заттардың суреттеріне қарап буынға бөлуді үйренеміз.Мысалы: қолғаптың суреті.Буынға бөлем қол-ғап</td>
<td>1.Көркем әдебиет<br>Міндеттері: Кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару.<br>Күтілетін нәтижелер: кітаптарға қызығушылық танытады;<br>1.Дидактикалық ойын:<br>«Бауырсақ»<br>Ойын шарты: Оқушыларға бауырсақ ертегісін оқып беремін.<br>Баурсақ ертегісінің кейіпкерлерінің дайын суреттерін беремін.Сол дайын суреттерді оқушылар қиып алдады.Қиып алған ертегі кейіпкерлердің суреттерін жапсырамыз және әр баланың жапсырған суреттерін жинап бір кітап қылып безендіріп жасаймыз.<br>2.Қимылды ойын:<br>«Дүкенші»<br>Ойын шарты: Оқушылардың біреуін дүкенші қыламыз.Қалған оқушыларды дүкенге ертіп барамыз.Оқушыларға дүкенші апай ертегі кітаптарды көрсетеді.Оқушылар өздеріне ұнаған кітаптарды сатып алады.</td></tr>
<tr><td colspan="5">Үзіліс</td></tr>
<tr><td colspan="2"></td>
<td colspan="3">Ойын: «Допты қуып жет»<br>Мақсаты: Балаларды ептіліке,шапшаңдыққа тәрбиелеу.Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету.<br>Ойынның шарты:<br>Тәрбиеші балаларға доп салынған кәрзеңкені көрсетеді де алаңның бір жағында өзімен бірге қатарласа тұруды ұсынады. Одан кейін кәрзеңкеден доптарды алып, балалардан алысқа, әр жаққа лақтырады. Балалар доптарға жүгіреді, оларды алып кәрзеңкеге салады. Ойын қайталанады.<br>Балалар қанша болса, доп та сонша болуы керек. Олардың әрқайсысы допты қуып жетіп, кәрзеңкеге салатын болсын.</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 2-ші ұйымдастырылған іс- әрекет | **Математика негіздері**<br>**Міндеті:** 10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру<br>**Күтілетін нәтижелер:** геометриялық пішіндерді ажырата алады.<br>**«Дөңгелекті құрастыр» ойынын өткізеді.**<br>Балалар дөңгелек жасау үшін, бөліктерді қосады.<br>Бөліктерден бүтін фигура жасайды. Қорытынды, фигураны бөліктерге бөлуге және бөліктерден жинауға болады.<br>–Шаршының жартысын жасауға тырысыңыз<br>–Оны қалай жасауға болады? (жиектерін сәйкестендіріп шаршыны екіге бүктейміз).<br>Сосын 4 бөлікке. (жиектерін сәйкестендіріп шаршыны төртке бүктейміз)<br>Қорытынды жасайды, тең бөліктер бір-бірінің үстіне қойылған кезде сәйкес келеді және олардың атауы бар (жарты, ширек). | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті:** Әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу.<br>**Күтілетін нәтижелер:** Әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті ұстайды;<br>*Әңгімелесу*<br>Балалар, сендер қандай жылы, әдепті сөздерді білесіңдер?<br>-әдепті балалар қандай болады?<br>-әдептілік дегенді қалай түсінесіңдер?<br>Әдептілік-адам бойындағы ең асыл қасиет, әдепті бала, ұқыпты, тілалғыш, шыншыл, қайырымды, еңбекқор, адал болады. Әрдайым таза жүреді. Автобусты үлкенге, жасы кіші балаларға орын беру.<br>*Ойын*<br>Шеңберге тұрып допты лақтырып-қағып алу арқылы бір-біріне әдепті сөздер айтады.<br>-әрқашан сәлемдеседі;<br>-әрқашан сыпайы болу;<br>-үлкендерге орын беру;<br>-ескертусіз үйден кетпейді; | **2.Математика негіздері**<br>**Міндеттері:** Заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:** заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру;<br>**1.Дидактикалық ойын.**<br>«Ені мен ұзындығын анықтай білу»<br>Ойын шарты: Оқушылардың алдына әр түрлі ойыншықтар беріп, оларды сызғышпен ені мен ұзындығын бірге анықтаймыз.<br>**2.Қимылды ойын:**<br>**«Кімнің бойы ұзын?**<br>Ойын шарты: Бұл ойында бір оқушы ортаға шығады.Қалған оқушылар орындарынан тұрып жаттығулар жасайды.Бір дегенде отырады, екі дегенде тұрады.Сол кезде ортаға шыққан оқушы қай оқушының бойы ұзын екенін анықтау керек.Егер бойы ұзын оқушыны табалмаса өлең немесе тақпақ айтып береді.Ойынды басқа оқушы жалғастырады. | **2.Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеттері:** Байланыстырып сөйлеу. Әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға баулу.<br>**Күтілетін нәтижелер:** құрдастарымен өз бетінше қарым –қатынас жасай алады., әртүрлі ойынды бірге, келісіп ойнайды;<br>**1.Дидактикалық ойын:**<br>**«Дүкен»**<br>Ойын шарты: Оқушылар дүкенші ойынын ойнайды.Дүкенге келген әр оқушы сатушыға сөйлеседі.<br>-Саламатсыз ба?<br>- Саламатсың ба балақай?<br>-Апай дүкенде нан барма?<br>- Дүкенде нан бар.<br>-Нан қанша теңге?<br>-Нан 200 теңге?<br>Екінші оқушы келіп басқа зат сатып алады.<br>-Саламатсыз ба?<br>- Сізде дәптер барма?<br>- Я менде дәптер бар.Саған қандай дәптер керек?<br>-Маған шатыраш дәптер керек.<br>-Қанша дәптер аласың?<br>- Төрт дәптер аламын.Рақмет дүкенші апай.Сауданыз жүрсін! Сау болыңыз. | **2.Қазақ тілі**<br>**Міндеттері:** Қазақ тіліне тән ә, ө, қ осы дыбыстардан тұратын дұрыс айтып дағдылану.<br>**Күтілетін нәтижелер:** қазақ тіліне тән ә, ө, қ, дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтады;<br>**«Жасыл доп па,қызыл доп па?»**<br>Бұл ойынның мақсаты: Естіген сөзде қазақ тілі дыбыстары бар жоғын ажырату (ә,ө, қ). Балалардың әр қайсысына жасыл,қызыл, доптар бейнеленген, кішкентай карточкалар ұсынылады.Бірнеше сөздерді жайлап оқылады,егер сөзде қазақ тіліне тән дыбыстар естілсе (ә, ө, қ) жасыл допты көтеру керек, жоқ болса қызыл допты көтеру керек. Мысалы: әтеш, әткеншек, қалақ, қасық, қырық, қолғап, қалам, өрмекші, өрік, өшіргіш тб.<br><br>**«Өзіңе қажетті суретті тап»**<br>Бұл ойынның мақсаты: Дыбыстарды дұрыс,анық айтуға жаттықтыру. Оларды сөз ішінде тауып,дыбысталуын қайталау «а-ә»,»о-ө», «ы-і», «г-ғ», «к-қ», «н-ң». Әр дыбысқа тең суреттер беріледі.Ойында пар әріпке келетін суреттерді табады. Мысалы: «а-ә» Балаларды екі топқа бөліп,әр қайсысынанбір – бірден бала шақырып,сен «а»,ал сен «ә» дыбысы бар суретті табасың. Одан кейінгі екі бала «к-қ» дыбыстары бар суреттерді іздейді. Тапқан суреттерін балалар өздеріне ала алады.Барлық суреттерді алған соң екі топтағы балалар бір – біріне көрсетіпатап шығады.Барлық суреттерді тауып алған топ жеңеді. |
| | **Үзіліс** | | | | |
| | *Сюжеті-рөлдік ойын*<br>Тақырыбы : «Хайуанбақ »<br>Мақсаты:<br>Ойын сюжетіне байланысты бірнеше топшаларға бөлініп,ойын аяқталған соң бір ұжымға жинала білу дағдысын қалыптастыру . Хайуанбақ жұмыскерлелерінің еңбектерін ,негізгі мамандықтарды түсініп: хайуанбақ директоры , мал дәрігері ,жол сілтеуші ,асхана жұмыскерлері ,топжорықшы аңдарға қызмет етудің негізгі жұмысымен таныстыру . Жағдаят: | | | *Сюжеті-рөлдік ойын*<br>Тақырыбы :«Теңізшілер.<br>Балық аулаушылар Су асты кайығы»<br>Мақсаты : Оқушыларда ойында логикалық жүйелілікте бірнеше әрекеттерді қалыптастыру, ойын жағдайына кіру, ойынның сюжеті мен рөлі негізінде аяғына дейін ойнау. Балаларда жағымды қарым – қатынас дағдыларын қалыптастыру және топта мейірімді қатынасты қалыптастыру.<br>Жағдаят: Кеме құрылымы, теңіз асты қайығы. Жүзуге дайындық, маршрутты таңдау, жүзу, рөлдік іс-әрекеттерді жасау,кемені жөндеу, сүңгуірдің жұмысы, | |

| | | |
|---|---|---|
| | Хауанбаққа билет алу;<br>Хайуанбақ жоспарымен танысу,жол жүру көлігін тандау ;<br>Хауанбаққа топ жорық, жануарларды тамақтандыруды қадағалау, жинастыру;Дем алыс аланы. Орман тұрғындары сырқатанып қалды . Дәрігер Айболитқа хат жолдау, дәрігер Айболтын жолындағы кедергілер ,<br>Аңлардын сауығуы.<br>Тәрбиешінің іс-әрекеті: Хайуанбақ директоры рөлінде аңдарға қорек керектігін,қамауды жөндеп,мал дәрігерін шақыруды ескереді, Балаларға дәрі-дәрмек жинап дәрігер Айболитқа хат жазуға көмектеседі<br>Балалардың іс-әректі: хайуанбақ бойынша топжорық жүргізіп хайуанатар жайында әңгімелейді . Күзетші қамауларды тексеріп,келушілерге аңдарға қорек беруге болмайтындығын ескереді ,хайуанбақты күзетеді<br>Жұмыскерлер жұмыс күнінің аяғында аңдармен мейірімді сөйлесіп,дәрумендер береді ,Кассир билеттер мен жол сілтемелерді сатып хайуанбақта жана аңдар пайда болғаның ескереді<br>Дәрігер Айболит аңдар жаңбырдан кейін сырқатанып қалғанын естіп көмекке келеді,жолда кедергілер кездеседі жаңбырдан соң көл тасыпты ,айналып кліп көмек көрсетеді.Аңдар суығады .<br>  | Кемедегі жалаудын көтерілуі, портққа оралу.<br>Май шабақты табу.<br>Май шабақты аулау, балық кетеді, кемедегі тесілген жер.<br>Жаңа зәкір суға түседі, теңізде өрт.Көмек келеді<br>Тәрбиешінің іс-әрекеті: Капитан рөлінде кемені жүргізеді, басқаларға команда береді, маршруттық қағаз береді, басқа кемелермен байланысқа шығады.<br>Дүрбі арқылы балықтардың бір үйір топтарын көру,зәкір салады, балықшыларға пәрмен салады.<br>Балалардың іс-әректі: Кеме құрайды, матростар діңгекте ілініп тұрады, қараңғы жерге қарайды; көпірде тұрады; шлюпкашы діңгектің дұрыс салынуын тексереді;<br>Борсық матростарға команда береді, жұмысты қалай атқаратының бақылайды.<br>Сүңгуірлер судың түбін қарайды, зәкір іздейді, краншылар кемені жүкпен толтырады. Механик көмірдің жанып кеткенін айтады.<br>Дәрігер адамдарды емдейді және жүзу кезіндегі жарақаттандырғандарды.<br>Балықшылар: торды бұрайды,теңізге лақтырады, балық аулайды, жәшікке сорттарымен орналастырады. Механик машина жұмыстарын тексереді.<br>Адамдар билет сатып алады,кемеге отырады, транспорттық мекемедегі тыныштықты сақтайды.<br>Адамдарға тамақты қалай дайындайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 3-ші ұйымдастырылған іс- әрекет | **Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті**: Сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау.<br>**Күтілетін нәтижелер:** сөйлем сөзден тұратынын біледі;<br><br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Кім жылдам?»**<br>**Ойын шарты:** ортаға орындықтарды дөңгелетіп қоямыз.Музыка қосылған кезде орындықтарды оқушылар айналып билеп жүруі керек.Музыка тоқтағанда оқушылар орындықтарға отырып қалуы керек.Орындыққа отыра алмаған оқушыға бір сөз айтамыз.Сол сөзге сөйлем құрау крек.<br>**Топтық жұмыс:**<br>Оқушыларды топқа бөлеміз.<br>Екі топқа бірдей сурет көрсетеміз.Қай топтың оқушысы сол сөзге сөйлем құраса, сол топқа | **Математика негіздері**<br>**Міндеті:** 10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>геометриялық пішіндерді ажырата алады.<br>**«Дөңгелекті құрастыр» ойынын өткізеді.**<br>Балалар дөңгелек жасау үшін, бөліктерді қосады.<br>Бөліктерден бүтін фигура жасайды.<br>Қорытынды, фигураны бөліктерге бөлуге және бөліктерден жинауға болады.<br>–Шаршының жартысын жасауға тырысыңыз<br>–Оны қалай жасауға болады? (жиектерін сәйкестендіріп шаршыны екіге бүктейміз).<br>Сосын 4 бөлікке. (жиектерін сәйкестендіріп шаршыны төртке бүктейміз) | **Қазақ тілі**<br>**Міндеті:** Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің бөліктерімен танысу.<br>**Күтілетін нәтижелер:** киіз үйдің бөліктерін біледі;<br><br>Балалар мына суретте ненің суретін көріп тұрсыңдар?<br>— Балалар мен сендерге киіз үй туралы шағын мағлұмат беріп өтейін.<br>— Киіз үй ауа райының қандай жағдайында да пайдалануға өте ыңғайлы. Ішіне жарық жақсы түседі, ауа алмасуы талапқа сай, жел, дауылға көп шайқалмайды. Киіз үйдің негізгі қаңқасын сүйегі деп атайды. Олар: кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық (жарма есігі).<br>Кереге – киіз үйдің ағаштан жасалған жиналмалы торкөзді | **Қоршаған орта**<br>**Міндеті:** Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну.<br>**Күтілетін нәтижелер:** тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары арасындағы себеп- салдарлық байланыстары бақылайды және түсінеді;<br><br>Тірі табиғат — олар өседі, қоректенеді, тыныс алады, тұқым шашады. Оларға адамдар, жан — жануарлар, өсімдіктер, құстар, жемістер, көкөністер, балықтар жатады. Электронды оқулықтан көрсету.<br>Өлі табиғат — қоректенбейді, өспейді, тұқым шашпайды.<br>Оларға су, тас, тау, күн, ай, құм жатады. Бірақ тіршілік атаулы | **3.Қоршаған ортамен танысу.**<br>**Міндеттері:**<br>Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге баулу. **Күтілетін нәтижелер:** айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге тырысады;<br>**1.Дидактикалық ойын:**<br>**«Менің отбасым»**<br>Ойын шарты: Оқушылардан өз отбасылары туралы сұраймын.Үлкендеге көмек беріп, олардың айтқандарын тыңдап, кішілерге қолдау көрсету сияқты әңгімелерді бірге талқылаймыз.Осы бастан адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге қалыптасады.<br>**2.Үстел үсті ойыны:**<br>**«Сурет»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бір ұпай береміз.Ойын солай жалғасады.Ұтқан топ марапатталады. | Қорытынды жасайды, тең бөліктер бір-бірінің үстіне қойылған кезде сәйкес келеді және олардың атауы бар (жарты, ширек). | сүйегі.<br>Шаңырақ – киіз үйдің уықтарын біріктіріп, еңсесін көтеріп, тұтастырып ұстап тұратын дөңгелек шеңбер.<br>Уық – кереге мен шаңырақтың арасын ұстап, қосып тұратын сырық. | оларсыз өмір сүрмейді.<br>Ойын — ойнау, «Құм, тас, су. Басы «құм» дегенде әр жерде шашыраңқы болып отыру. «Тас»дегенде өз қолымен мүсін жасап тұра қалу, «су» дегенде толқын жасап қозғалу». (Балалар қимылмен көрсетеді) | Ойын шарты: Оқушылардың әр қайыссына суреттер беремін.Сол суретке қарап өз ойын айтып үйренеді.Суретте оқушылардың үлкендерге көмек беріп, кішілерді қорғап немесе үлкендерге көмектесуден бас тартып жатқан сияқты оқиғаларды талдайды. |
| | **Үзіліс** | | | | |
| |  | | **Ойын: «Күн мен жаңбыр»**<br>**Мақсаты:** Балалардың есте сақтау қабілеті, бақылағыштығы жақсарады.<br>**Ойынның шарты:**Балалардың алаңның бір шетінен немесе бөлменің қабырғасынан біразырақ жерге қойылған орындықтардың артында тізерлеп отырады да «терезеге» (орындықтың арқасындағы тесікке) қарайды.<br>Ұсыныс: **Тәрбиеші:** «Аспан ашық, күн шығып тұр! Серуенге шығуға болады», - дейді. Балалар бүкіл алаңда жүгіріп жүр. «Жаңбыр! Тез үйге жүріңдер!» деген сигналды естіп, бәрі өз орындарына қарай жүгіріп келіп, орындықтардың артына отырады. Тәрбиеші қайтадан: «Күн шықты! Барыңдар, серуендеңдер», - дейді<br>«терезеге» (орындықтың арқасындағы тесікке) қарайды. | | |
| 4-ші ұйымдастырылған іс- әрекет | **Музыка**<br>**Міндеті:** Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:** әннің сөзін анық айтады, музыка сипатын қабылдайды және жеткізеді;<br>Музыка тыңдау: «Вальс» (Қ. Шілдебаев) Ән айту:<br>«Айнала ақша қар» (И. Мамақов) «Қыс келді» (Б. Жұмабекова)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Көңілді балалар» литва х.ә. (өңдеген Т. Ломова)<br>Билер: «Қоян биі» (В. Питерцев)<br>Ойындар, хороводтар: «Көлеңке» (К. Қуатбаев)<br>Музыкалық аспапта ойнау: «Тамшылар» румын х.ә. (өңдеген Т. Попатенко) | **Дене шынықтыру**<br>**Міндеті**: 20 сантиметер дейінгі биіктіктікке секіру.<br>**Күтілетін нәтижелер:** заттардың арасымен секіреді<br>Негізгі қимыл-қозғалыстарды топ болып орындайды.<br>20 см биік заттың үстінен белгіленген жерге дәл секіріп түсулерін бекіту (6 рет). Тепе-теңдіктерін сақтап, дене бітімдерін түзу ұстауларын қадағалау. Топтарға бөлініп, негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды. 20 см биік заттың үстінен белгіленген жерге дәл секіреді. Шеңбер ішіне аяқтың ұшымен түседі. Қолдарын еденге тигізбеуге тырысады | **Музыка**<br>**Міндеті:** Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:** әннің сөзін анық айтады, музыка сипатын қабылдайды және жеткізеді;<br>Музыка тыңдау: «Вальс» (Қ. Шілдебаев) Ән айту:<br>«Айнала ақша қар» (И. Мамақов) «Қыс келді» (Б. Жұмабекова)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Көңілді балалар» литва х.ә. (өңдеген Т. Ломова)<br>Билер: «Қоян биі» (В. Питерцев)<br>Ойындар, хороводтар: «Көлеңке» (К. Қуатбаев)<br>Музыкалық аспапта ойнау: «Тамшылар» румын х.ә. (өңдеген Т. Попатенко) | **Дене шынықтыру**<br>**Міндеті**: 20 сантиметер дейінгі биіктіктікке секіру.<br>**Күтілетін нәтижелер:** заттардың арасымен секіреді<br>Негізгі қимыл-қозғалыстарды топ болып орындайды.<br>20 см биік заттың үстінен белгіленген жерге дәл секіріп түсулерін бекіту (6 рет). Тепе-теңдіктерін сақтап, дене бітімдерін түзу ұстауларын қадағалау. Топтарға бөлініп, негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды. 20 см биік заттың үстінен белгіленген жерге дәл секіреді. Шеңбер ішіне аяқтың ұшымен түседі. Қолдарын еденге тигізбеуге тырысады | **Дене шынықтыру**<br>**Міндеті**: 20 сантиметер дейінгі биіктіктікке секіру.<br>**Күтілетін нәтижелер:** заттардың арасымен секіреді<br>Негізгі қимыл-қозғалыстарды топ болып орындайды.<br>20 см биік заттың үстінен белгіленген жерге дәл секіріп түсулерін бекіту (6 рет). Тепе-теңдіктерін сақтап, дене бітімдерін түзу ұстауларын қадағалау. Топтарға бөлініп, негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды. 20 см биік заттың үстінен белгіленген жерге дәл секіреді. Шеңбер ішіне аяқтың ұшымен түседі. Қолдарын еденге тигізбеуге тырысады |
| Серуенге дайындық | Серуенге деген қызығушылықты ынталандыру.Киіну: жүйелік, серуенге шығу, ережелері сақтау, балалармен жеке әңгімелер жүргізу | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуендеу | Ауа райы құбылыстарын және табиғи обьектілерді бақылау (№ 25 карточка) Алғашқы түскен қарды бақылау Еңбек әрекеті: «Бөлме өсімдіктерін күту» | Ауа райы құбылыстарын және табиғи обьектілерді бақылау (№23 карточка) Торғайды бақылау Еңбек әрекеті: ойын алаңын жинау. | Ауа райы құбылыстарын және табиғи обьектілерді бақылау (№ 9 карточка) Жеңіл көлікті бақылау Еңбек әрекеті: ойын алаңын жинау | Ауа райы құбылыстарын және табиғи обьектілерді бақылау (№22 карточка) Жеміс ағаштарын бақылау.Еңбек әрекеті: ойын алаңын жинау. | Ауа райы құбылыстарын және табиғи обьектілерді бақылау (№ 9 карточка) Жеңіл көлікті бақылау Еңбек әрекеті: ойын алаңын жинау |
| Балалардың дербес әрекеті | Балалардың қызығушылығы мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып ұйымдастырылған әр түрлі балалар іс –әрекеті ойын түррінде жүзеге асырылады | | | | |
| Балалармен жеке жұмыс | Балалармен жеке жұмыс: әңгіме, дидактикалық ойындар, бейнелеу әрекеті арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту және т.б | | | | |
| Балалардың үйдеге қайтуы | Балалардың жетістіктері туралы әңгіме, баланың тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап беру, кеңестер беру | | | | |

**Бекітемін:** 
**Оқу ісі меңгерушісі: С.Қанатбаева**

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Білім беру ұйымы: Т.Жаманмұрынов атындағы ЖББОМ мектебі
Тобы: мектепалды даярлық тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрыл кезеңі ( күні, айы, жылы) 15-19.01.2024 жыл

| Күн тәртібі | **Дүйсенбі 15.01.2024** | **Сейсенбі 16.01.2024** | **Сәрсенбі 17.01.2024** | **Бейсенбі 18.01.2024** | **Жұма 19.01.2024** |
|---|---|---|---|---|---|
| 1.Балаларды қабылдау. | Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу.Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Балалардың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме, оны не қызықтырады, баланың жеке пікірін білдіруге қатысты. | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу.Кеңес беру. | Ата-аналармен баланың денсаулығы, үй режимі, тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелер, кеңестер | | | | |
| Баланың дербес әрекеті. (үстел үсті ойыны. баяу қимылды ойындар, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар) | **«Зат не үшін қажет?» дидактикалық ойын**<br>**Мақсаты**: балалардың тапқырлығын, белсенділігін және ойлау дербестігін дамыту; балалардың тұрмыстық заттардың, құралдардың маңызы туралы білімін бекіту; оларға ұқыпты қарауға тәрбиелеу | **«Әрекетті бағала» дидактикалық ойыны.**<br>**Мақсаты**: сюжеттік суреттердің көмегімен балалардың жақсы және жаман істер туралы идеяларын дамыту; іс-әрекеттерді сипаттау және бағалау; сезімталдыққа, қайырымдылыққа тәрбиелеу. | **«Қармақ» ойыны**<br>**Мақсаты**: орнында секіру жаттығулары; ептілікті, қимылдарды үйлестіруді, зейінді дамыту | **«Бөлшектен үй құрастыр» дидактикалық ойын**<br>**Мақсаты**: үй мен автобустың бөліктерін табуға үйрету; балалардың шеңбер, шаршы, тіктөртбұрыш туралы білімдерін бекіту; зейінді, көзді, табандылықты дамыту | **«Әрекетті таңда» дидактикалық ойыны**<br>**Мақсаты**: балалар сөздігінде етістікті белсендіруді жалғастыру |
| Таңертеңгі жаттығу | Картотека № 15 | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет | | | | | |
| Кестеге сәйкес 1-ші ұйымдастырылған іс –әркет | **1.Көркем әдебиет**<br>**Міндеті:** Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету<br>**Күтілетін нәтижелер:** шығармалардың мазмұнын эмоциямен қабылдайды;<br>«Ақсақ құлан» аңызын мазмұны бойынша әңгімелету<br>–Балалар, құлан – жылқы тектес жануар.<br>–Сендер жылқыны білесіңдер ме?<br>–Құланың да, жылқы сияқты, жалы бар, бірақ ол – жабайы жануар. | **1.Құрастыру, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру**<br>**Міндеті:** Заттарды бірнеше бөліктерден бейнелей білу,жапсыру,құрастыруға,мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру<br>**1.Дидактикалық ойын:** «Менің қаламым»<br>Оқушылар қыс мезгілінің суретін салады.<br>**2.** «Кім тез жапсырады ?»<br>Салған суретке аққаланың суретін жапсырады<br>**3.Үстел үсті ойын: «Мозайк»** | **1.Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті:** Буын туралы ұғымдарды үйрету. Сөздерді буынға бөлу<br>**Күтілетін нәтижелер:** берілген буынға сөз құрастырады;<br>**1 Дидактикалық ойын: «Буынды қос» (доппен)**<br>– Балалар, шеңберге тұрайық. Мен буынды айтып, бір балаға допты лақтырамын, бала допты ұстап алып, бір немесе бірнеше буынды қосып, сөзді жалғастырады. Кім дұрыс айта | [1]**.Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеттері:** Жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету.<br>**Күтілетін нәтижелер:** жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажыратады.<br>**Дидактикалық ойын: «Дәптер мен танысу»**<br>Оқушылар бүгін біз дәптермен танысамыз.Дәптерді алдымен ашып көрейікші.<br>Не байқадыңыздар?<br>Ия дұрыс айтасыңдар.Бұл ұзын | **1.Көркем әдебиет**<br>**Міндеттері:** Қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау.<br>**Күтілетін нәтижелер:** көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналауға қатысады;<br>«Ақсақ құлан» аңызын мазмұны бойынша әңгімелету<br>–Балалар, құлан – жылқы тектес жануар.<br>–Сендер жылқыны білесіңдер ме?<br>–Құланың да, жылқы сияқты, жалы бар, бірақ ол – жабайы жануар.<br>–Мен сендерге «Ақсақ құлан» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | –Мен сендерге «Ақсақ құлан» аңызын оқып берейін.  Аңыз – бұл түп нұсқасы болған оқиға. Ауыздан-ауызға ұмытылмай жеткен оқиғаны аңыз деп айтамыз.<br>**1.Дидактикалық ойын:** «Сөз айт, тез айт »<br>Ойын шарты: Балалар допты лақтырып, «Ақсақ құлан » аңызы туралы бір-біріне сұрақтар қояды.<br>**2.Топтық ойын:** Сурет құрастыру | Балалар мазайканың ұсақ бөліктерін орналастыру арқылы шыршаның суретін құрап шығу керек | алмаса немесе тез буынды айтпаса, айыбын өтейді.<br>Мысалы:( ас+паз, кі+тап, ба+лық, ба+ла).<br>**2.Топтық ойын:** «Буындарды қос»<br>Әр түрлі заттардың суреттеріне қарап буынға бөлуді үйренеміз.Мысалы: қолғаптың суреті.Буынға бөлем қол-ғап | жолдарға біз сөздермен сөйлемдерді жазамыз. Сөздерді жазғанда осы жолдардың ішіне жазамыз және сөздерді бір – біріне қоспай араларына шамалы ашып жазамыз.<br>Олай болса менімен бірге жазайық: Апа, Ата, Аға т.б<br>Сөздердің бас әріптерін жолдың үстіне шамалы шығарамыз, ал кішкентай әріптерді жолдардан шығармай жазамыз. | аңызын оқып берейін.  Аңыз – бұл түп нұсқасы болған оқиға. Ауыздан-ауызға ұмытылмай жеткен оқиғаны аңыз деп айтамыз.<br>**1.Дидактикалық ойын:** «Сөз айт, тез айт »<br>Ойын шарты: Балалар допты лақтырып, «Ақсақ құлан » аңызы туралы бір-біріне сұрақтар қояды.<br>**2.Топтық ойын:** Сурет құрастыру |
| 2-ші ұйымдастырылған іс- әрекет | **Үзіліс** | | | | |
| | *Сюжеті-рөлдік ойын*<br>Тақырыбы : «Хайуанбақ »<br>Мақсаты:<br>Ойын сюжетіне байланысты бірнеше топшаларға бөлініп,ойын аяқталған соң бір ұжымға жинала білу дағдысын қалыптастыру . Хайуанбақ жұмыскерлелерінің еңбектерін ,негізгі мамандықтарды түсініп: хайуанбақ директоры , мал дәрігері ,жол сілтеуші ,асхана жұмыскерлері ,топжорықшы аңдарға қызмет етудің негізгі жұмысымен таныстыру . Жағдаят:<br>Хауанбаққа билет алу;<br>Хайуанбақ жоспарымен танысу,жол жүру көлігін таңдау ;<br>Хауанбаққа топ жорық, жануарларды тамақтандыруды қадағалау, жинастыру;Дем алыс аланы. Орман тұрғындары сырқатанып қалды . Дәрігер Айболитқа хат жолдау, дәрігер Айболтын жолындағы кедергілер ,<br>Аңлардын сауығуы.<br>Тәрбиешінің іс-әрекеті: Хайуанбақ директоры рөлінде аңдарға қорек керектігін,қамауды жөндеп,мал дәрігерін шақыруды ескереді, Балаларға дәрі-дәрмек жинап дәрігер Айболитқа хат жазуға көмектеседі<br>Балалардың іс-әректі:  хайуанбақ бойынша топжорық жүргізіп хайуанатар жайында әңгімелейді . Күзетші қамауларды тексеріп,келушілерге аңдарға қорек беруге болмайтындығын ескереді ,хайуанбақты күзетеді<br>Жұмыскерлер жұмыс күнінің аяғында аңдармен мейірімді сөйлесіп,дәрумендер береді ,Кассир билеттер мен жол сілтемелерді сатып хайуанбақта жана аңдар пайда болғаның ескереді<br>Дәрігер Айболит аңдар жаңбырдан кейін сырқатанып қалғанын естіп көмекке келеді,жолда кедергілер кездеседі жаңбырдан соң көл тасыпты ,айналып кліп көмек көрсетеді.Аңдар суығады . | *Сюжеті-рөлдік ойын*<br>Тақырыбы :«Теңізшілер.<br>Балық аулаушылар Су асты кайығы»<br>Мақсаты : Оқушыларда ойында логикалық жүйелілікте бірнеше әрекеттерді қалыптастыру, ойын жағдайына кіру, ойынның сюжеті мен рөлі негізінде аяғына дейін ойнау. Балаларда жағымды қарым – қатынас дағдыларын қалыптастыру және топта мейрімді қатынасты қалыптастыру.<br>Жағдаят: Кеме құрылымы, теңіз асты қайығы. Жүзуге дайындық, маршрутты таңдау, жүзу, рөлдік іс-әрекеттерді жасау,кемені жөндеу, сүңгуірдің жұмысы,<br>Кемедегі жалаудын көтерілуі, портқка оралу.<br>Май шабақты табу.<br>Май шабақты аулау, балық кетеді, кемедегі тесілген жер.<br>Жаңа зәкір суға түседі, теңізде өрт.Көмек келеді<br>Тәрбиешінің іс-әрекеті: Капитан рөлінде кемені жүргізеді, басқаларға команда береді, маршруттық қағаз береді, басқа кемелермен байланысқа шығады.<br>Дүрбі арқылы балықтардың бір үйір топтарын көру,зәкір салады, балықшыларға пәрмен салады.<br>Балалардың іс-әректі: Кеме құрайды, матростар діңгекте ілініп тұрады, қараңғы жерге қарайды; көпірде тұрады; шлюпкашы діңгектің дұрыс салынуын тексереді;<br>Борсық матростарға команда береді, жұмысты қалай атқаратының бақылайды.<br>Сүңгуірлер судың түбін қарайды, зәкір іздейді, краншылар кемені жүкпен толтырады. Механик көмірдің жанып кеткенін айтады.<br>Дәрігер адамдарды емдейді және жүзу кезіндегі жарақаттандырғандарды.<br>Балықшылар: торды бұрайды,теңізге лақтырады, балық аулайды, жәшікке сорттарымен орналастырады.<br>Механик машина жұмыстарын тексереді.<br>Адамдар билет сатып алады,кемеге отырады, транспорттық мекемедегі тыныштықты сақтайды.<br>Адамдарға тамақты қалай дайындайды. | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **2.Математика негіздері**<br>**Міндеті:**<br>Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту.<br>**Күтілетін нәтижелер:** апта күндерін ретімен атайды;<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Дұрысын тап»**<br>Тақтада жеті апта күнінің атауы ауыстырылып ілініп тұр.<br>Оқушылар апта күндерін ретімен дұрстап орналастыру керек.<br>**2.Топтық ойын:**<br>«Уақытты бағдарлау»<br>Оқушылардың алдарына суреттер беріледі.Әр топ берілген суреттерге қарап қай уақыт екенін анықтап айту керек. | **2.Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті:** Байланыстырып сөйлеу<br>**Күтілетін нәтижелер:** әңгімелерді бірізді айтып береді<br>Дидактикалық **ойын:**<br>**«Сөз тізбегі»**<br>Педагог бір сөз айтып допты балаларға лақтырады, допты қағып алған бала сол сөздің соңғы дыбысынан басталатын сөз айтып, допты бір балаға лақтырады. Ойын осылай жалғасын табады. Мысалы: ( ана-арба-алмұрт- тарақ- кармақ-қалта- айран-нан-нағашы- ыдыс-сағыз- зәкір- рауғаш т.б.)<br>**2. Топтық ойын:** «Төрт шар»<br>Тақтаға төрт түсті шарға төрт ойыншықтың суретін іліп 20-ға диин оқушыларға санатып, содан соң барлығын алып тастау керек.Оқушылардан қай түсті шарда қандай сурет тұрғанын сұрау керек. | **2.Математика негіздері**<br>**Міндеттері**: Денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:** геометриялық пішіндерді ажыратады және атайды;<br>**1.Қимылды ойын:**<br>**«Шар»**<br>Ойын шарты: Оқушылардың қолдарына бір шардан таратып беремін.Шарларда әр түрлі тапсырмалар бар.Оларды оқушылар үрлеп тақтаға жапсырып қойады. Үрленген шарларды қайтадан жарамыз.Ішінен шыққан тапсырманы орындаймыз.<br>**2.Дидактикалық ойын:**<br>**«Ғажайып қапшық»**<br>**Ойынның мақсаты:** заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету.<br>**Ойынның құрал-жабдықтары:** түсі, өлшемі, пішіні бойынша әр түрлі ойыншықтар.<br>**Ойынның мазмұны:** Балалар «Сиқырлы қапшықтың» ішіндегі затты ұстап көріп, пішінін анықтайды, ойыншықты алған соң атын атап, түсін айтады. | **2.Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті:** Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу.<br>**Күтілетін нәтижелер:** құрдастарымен өз бетінше қарым –қатынас жасай алады., әртүрлі ойынды бірге, келісіп ойнайды;<br>**Дидактикалық ойын: «Сөз тізбегі»** Педагог бір сөз айтып допты балаларға лақтырады, допты қағып алған бала сол сөздің соңғы дыбысынан басталатын сөз айтып, допты бір балаға лақтырады. Ойын осылай жалғасын табады. Мысалы: ( ана-арба-алмұрт- тарақ- кармақ-қалта- айран-нан-нағашы- ыдыс-сағыз- зәкір- рауғаш т.б.)<br>**2. Топтық ойын:** «Төрт шар»<br>Тақтаға төрт түсті шарға төрт ойыншықтың суретін іліп 20-ға диин оқушыларға санатып, содан соң барлығын алып тастау кенрек.Оқушылардан қай түсті шарда қандай сурет тұрғанын сұрау керек. | **2.Қазақ тілі**<br>**Міндеттері:** Қазақ тіліне тән ұ, ү, і, осы дыбыстардан тұратын дұрыс айтып дағдылану.<br>**Күтілетін нәтижелер:** қазақ тіліне тән ұ, ү, і, дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтады;<br>**«Жасыл доп па,қызыл доп па?»**<br>Бұл ойынның мақсаты: Естіген сөзде қазақ тілі дыбыстары бар жоғын ажырату (ұ, ү, і,). Балалардың әр қайсысына жасыл,қызыл, доптар бейнеленген, кішкентай карточкалар ұсынылады.Бірнеше сөздерді жайлап оқылады,егер сөзде қазақ тіліне тән дыбыстар естілсе (ұ, ү, і,) жасыл допты көтеру керек, жок болса қызыл допты көтеру керек.<br>Мысалы: ұшақ, ұя, ұшқыш, ұтқыр, үкі, үтік, ірімшік, ілгек, ірге, іні, ін, |
| | **Үзіліс** | | | | |
| |  | | **Ойын: «Тығылыспақ»**<br>**Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру, сөздік қорларын молайту**<br>**Жасы: 5-6 жас аралығы**<br>**Қажетті заттар:**<br>**Ойын барысы:** барлық балалар екі топқа бөлініп, топ басшылары тағайындалады. Санамақ арқылы қай топтың жасырынып, қай топтың іздейтіні анықталады. Ойынға «қала», яғни барлық ойыншылар жиналатын жер (ағаш, жар, есік, т.с.с.) таңдалынады. Жасырынатын топты топ басшылары жасырып, өзі қайтадан бұрынғы орнына оралады да, қарсылас топтың қай бағытта қозғалғанын «біз қазір ........(қай жер екенін)» айтып отырады. Ал жасырынған топ болса осы көмекті пайдалана отырып, жасырынған жерде отырады, ыңғайлы сәт туғанда «қаланы» жаулап алады. Егер іздеушілер жасырынушы топтың бір қатысушысын байқап қалса, онда оның аты мен жасырынған жерін дауыстап айтады да, барлығы «қалаға» қарай жүгіреді. «Қалаға» бірінші жеткен топқа ұпай беріледі. Жасырынған топ мүшелері іздеуші топ өздерін таппастан бұрын «қалаға» бірінші жетіп, ұпай ала алады. | | |
| 3-ші ұйымдастырылған іс- әрекет | **3.Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті:** Буын туралы ұғымдарды үйрету. Сөздерді буынға бөлу<br>**Күтілетін нәтижелер:** берілген | **3.Математика негіздері**<br><br>**Міндеті:**<br>Әртүрлі оқиғалардың, апта | **3.Қазақ тілі**<br>**Міндеті:** Туыстық қарым-қатынасты білдіретін сөздерді үйрету. | **3.Қоршаған ортамен танысу.**<br>**Міндеті:** - Қарапайым экологиялық ұғымдарды, адамның табиғаттың бір бөлігі | **3.Қоршаған ортамен танысу.**<br>**Міндеттері:** Жануарлардың жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | буынға сөз құрастырады;<br>**1 Дидактикалық ойын:**<br>**«Буынды қос» (доппен)**<br>– Балалар, шеңберге тұрайық. Мен буынды айтып, бір балаға допты лақтырамын, бала допты ұстап алып, бір немесе бірнеше буынды қосып, сөзді жалғастырады. Кім дұрыс айта алмаса немесе тез буынды айтпаса, айыбын өтейді. Мысалы:( ас+паз, кі+тап, ба+лық, ба+ла).<br>**2.Топтық ойын:** «Буындарды қос» Әр түрлі заттардың суреттеріне қарап буынға бөлуді үйренеміз.Мысалы: қолғаптың суреті.Буынға бөлем қол-ғап | күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту.<br>**Күтілетін нәтижелер:** апта күндерін ретімен атайды;<br>**Дидактикалық ойын: «Дұрысын тап»**<br>Тақтада жеті апта күнінің атауы ауыстырылып ілініп тұр. Оқушылар апта күндерін ретімен дұрстап орналастыру керек.<br>**2.Топтық ойын:**<br>«Уақытты бағдарлау»<br>Оқушылардың алдарына суреттер беріледі.Әр топ берілген суреттерге қарап қай уақыт екенін анықтап айту керек. | **Күтілетін нәтижелер:** туыстық қарым-қатынасты білдіретін сөздерді біледі;<br>**1.Дидактикалық ойын:**<br>**«Менің отбасым»**<br>Ойын доп арқылы ойналады.Оқушылар дөңгеленіп тұрады.Бір оқушы допты лақтырып сұрақ қояды.<br>- Сенің үйіңде қанша адам тұрады?<br>- Сенің атаңның аты кім?<br>- Сенің әжеңнің аты кім?<br>**2. Топтық ойын:** «Суреттер сөйлейді»<br>Оқушылар өздерінің отбасы мен бірге түскен суреттерін оқушыларға таныстырады. | екенін және оны қорғай білу.<br>**Күтілетін нәтижелер:** Қоршаған ортада табиғатта тәртіп ережелерін біледі;<br>**1.Дидактикалық ойын:**<br>«Жаман -жақсы»<br>Оқушыларға суреттер беріледі.Суреттегі балалардың қанай жақсы немесе жаман әдетпен айналысып жатқанын талдап айтып береді.Мысалы: ағаштарды сындыру немесе күтім жасау т.б<br>**2.Топтық ойын:** «Жалауша»<br>Бұл ойында оқушыларға қызыл түсті және жасыл түсті жалаушалар беріледі.Суреттерге қарап дұрыс болса жасылды, дұрыс емес болса қызыл жалаушаны көтереді. | ерекшеліктерін сипаттау.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>жануарларды әртүрлі белгілері бойынша топтастырады;<br>Жабайы жануарлардың қысқа қалай дайындалатыны туралы түсінік беріледі.<br>«Аю күні бойы орман кезіп жүріп, жеміс-жидектер мен еменжаңғақтарды жеп, денесіне май жинайды, апанының ішін дайындайды. Тиін мен қоян түлейді, яғни жұқа жүндері қалыңдайды және түстері өзгереді. Тиін ағаш қуысына азық қорын жинайды. Тышқан мен көртышқан лініне егістіктен масақ дәндерін жинайды. Борсық інінің ішін тазалап, қысқа дайындап, ағаш тамырын, саңырауқұлақ жинайды. Қасқыр мен түлкі қысқа азық жинамайды».<br>Тиін өзінің жазда, күзде жинаған азығын іздеп табады. Ал аю болса, қыс бойы апанында ұйықтайды. |
| | **Үзіліс** | | | | |
| | **«Гүлдерді күтеміз»ойыны**<br>**Мақсаты:**балалардың табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдыларын қалыптастыру. Гүлдердің түрлерін (көпжылдық, біржылдық, пияз тұқымдас, шөптекті, тұқымдас гүлдерді) ажырата білуге үйрету. Гүлдер сұлулық белгісі екенін, оларды күтіп-баптап, қамқорлыққа алу керектігін түсінеді.<br>**Ойын шарты:** гүлдерді екіге бөлу,дала гүлдерін газонның қасына іліп,ал бөлме гүлдерін үйдің қасына қою , суреттер бойынша әңгімелету. | |  | | |
| 4-ші ұйымдастырылған іс- әрекет | **4.Музыка**<br>**Міндеті:** Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:** музыканың сипатына сәйкес қимылдарды орындайды;<br>**Музыка тыңдау**<br>**«Қыс қызығы»**<br>Қандай суық қыс деген?<br>Қалтырайды құс деген.<br>Құлақшыңды кимесең,<br>Құлағыңды тістеген.<br>Қандай қызық қыс деген?<br>Бәрін шебер істеген,<br>Бақша, бауды, тауды да<br>Бояған ақ түспенен<br>**1.Дидактикалық ойын:** | **4. Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:** допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен қағып алуға үйрету<br>**Күтілетін нәтижелер:** допты жоғары, жіптің үстінен лақтырып бір қолымен қағып алады;<br>**1.Қимылды ойын:**<br>«Жылдам қағып ал»<br>Отырған күйде допты екі қолмен бастан асыра лақтыруға үйрету. Доп ұстаған қолды бастан асыра артқа жіберіп, доптың траекториясы алдыға, жоғары дұрыс ұшу үшін, бүгілген қолды түзу ұстап, допты лақтыру шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру. | **4.Музыка**<br>**Міндеті:** Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру. **Күтілетін нәтижелер:** музыканың сипатына сәйкес қимылдарды орындайды;<br>**Музыка тыңдау**<br>**«Қыс қызығы»**<br>Қандай суық қыс деген?<br>Қалтырайды құс деген.<br>Құлақшыңды кимесең,<br>Құлағыңды тістеген.<br>Қандай қызық қыс деген?<br>Бәрін шебер істеген,<br>Бақша, бауды, тауды да<br>Бояған ақ түспенен | **4. Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:** допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен қағып алуға үйрету<br>**Күтілетін нәтижелер:** допты жоғары, жіптің үстінен лақтырып бір қолымен қағып алады;<br>**1.Қимылды ойын:**<br>«Жылдам қағып ал»<br>Отырған күйде допты екі қолмен бастан асыра лақтыруға үйрету. Доп ұстаған қолды бастан асыра артқа жіберіп, доптың траекториясы алдыға, жоғары дұрыс ұшу үшін, бүгілген қолды түзу ұстап, допты лақтыру шеберліктерін (машықтарын) | **4. Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:** допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен қағып алуға үйрету<br>**Күтілетін нәтижелер:** допты жоғары, жіптің үстінен лақтырып бір қолымен қағып алады;<br>**1.Қимылды ойын:**<br>«Жылдам қағып ал»<br>Отырған күйде допты екі қолмен бастан асыра лақтыруға үйрету. Доп ұстаған қолды бастан асыра артқа жіберіп, доптың траекториясы алдыға, жоғары дұрыс ұшу үшін, бүгілген қолды түзу ұстап, допты лақтыру шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | « Бұл қай аспап?»<br>Аспаптарды суреттері беріледі.Қандай аспатар екенін оқушылар тауып айту керек. | Допты сол қолмен және оң қолымен лақтырады. Допты қағып алып үйренеді. | **1.Дидактикалық ойын:**<br>« Бұл қай аспап?»<br>Аспаптарды суреттері беріледі.Қандай аспатар екенін оқушылар тауып айту керек. | қалыптастыру.<br>Допты сол қолмен және оң қолымен лақтырады. Допты қағып алып үйренеді. | Допты сол қолмен және оң қолымен лақтырады. Допты қағып алып үйренеді. |
| Серуенге дайындық | Серуенге деген қызығушылықты ынталандыру. Киіну: жүйелік, серуенге шығу, ережелері сақтау, балалармен жеке әңгімелер жүргізу | | | | |
| Серуендеу | Ауа райы құбылыстарын және табиғи обьектілерді бақылау<br>(№ 25 карточка)<br>Алғашқы түскен қарды бақылау<br>Еңбек әрекеті: «Бөлме өсімдіктерін күту» | Ауа райы құбылыстарын және табиғи обьектілерді бақылау<br>(№23 карточка)<br>Торғайды бақылау<br>Еңбек әрекеті: ойын алаңын жинау. | Ауа райы құбылыстарын және табиғи обьектілерді бақылау<br>(№ 9 карточка)<br>Жеңіл көлікті бақылау<br>Еңбек әрекеті: ойын алаңын жинау | Ауа райы құбылыстарын және табиғи обьектілерді бақылау<br>(№22 карточка)<br>Жеміс ағаштарын бақылау.Еңбек әрекеті: ойын алаңын жинау. | Ауа райы құбылыстарын және табиғи обьектілерді бақылау<br>(№ 9 карточка)<br>Жеңіл көлікті бақылау<br>Еңбек әрекеті: ойын алаңын жинау |
| Балалардың дербес әрекеті | Балалардың қызығушылығы мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып ұйымдастырылған әр түрлі балалар іс –әрекеті ойын түррінде жүзеге асырылады | | | | |
| Балалармен жеке жұмыс | Балалармен жеке жұмыс: әңгіме, дидактикалық ойындар, бейнелеу әрекеті арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту және т.б | | | | |
| Балалардың үйдеге қайтуы | Балалардың жетістіктері туралы әңгіме, баланың тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап беру, кеңестер беру | | | | |

**Бекітемін:**
**Оқу ісі меңгерушісі: С.Қанатбаева**

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Білім беру ұйымы: Т.Жаманмұрынов атындағы ЖББОМ мектебі
Тобы: мектепалды даярлық тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрыл кезеңі ( күні, айы, жылы) 22-26.01.2024 жыл

| Күн тәртібі | **Дүйсенбі**<br>**22.01.2024** | **Сейсенбі**<br>**23.01.2024** | **Сәрсенбі**<br>**24.01.2024** | **Бейсенбі**<br>**25.01.2024** | **Жұма**<br>**26.01.2024** |
|---|---|---|---|---|---|
| 1.Балаларды қабылдау. | Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу.Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Балалардың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме, оны не қызықтырады, баланың жеке пікірін білдіруге қатысты. | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу.Кеңес беру. | Ата-аналармен баланың денсаулығы, үй режимі, тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелер, кеңестер | | | | |
| Баланың дербес әрекеті. (үстел үсті ойыны. баяу қимылды ойындар, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар) | **Д/ойын:«Ғажайып қоржын»**<br><br>**Мақсаты:** Балаларды заттарды қолдарымен, сипаптиісті қасиеттеріне қарай ажырата білуге үйрету.<br><br>**қажетті құралдар**: Ғажайып қоржын. Балалар санына сәйкес, таныс ойыншықтар. | **Д\ойын«Бұл қай кезде болады»**<br><br>**Мақсаты:** Баланың жыл мезгілдері жайлы білімдерін тиянақтау пысықтау тиісті белгілерін атату, тілдерін жетілдіру, танымдылықтарын, ұстамдылықтарын дамыту.<br><br>**Қажетті құралдар:** Жыл мезгілдеріне байланысты 3-4 сурет | **Д/ойын:« Өз жұбыңды тап»**<br><br>**Мақсаты:** Санды көру, есту және қимыл арқылы қабылдау қабілеттерін пысықтау.<br><br>**Қажетті құралдар:**<br><br>Цифрлар бала санына | **Д/ойын:«Қателесіп қалма?».**<br><br>**Мақсаты**: Жылдам ойлау қабілеттерін дамыту, балалардың күннің әр түрлі мезгілінде не істейтін туралы біліктерін нығайту.<br><br>**Қажетті құралдар:**<br><br>текше | **Д/ ойын:**<br><br>**«Гүл шоғын құрастыр».**<br><br>**Мақсаты**: Бақшада, далада, орманда өсетін гүлдерді дұрыс тауып, аттарын есте сақтауға үйрету.<br><br>**Ойынның ережелері.** Гүлдің кімге арналғанын, Қайда өсетінің және қалай аталатынын көрсету. |
| Таңертеңгі жаттығу \ | Картотека №3 | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет | | | | | |
| Кестеге сәйкес 1-ші ұйымдастырылған іс –әркет | **1.Көркем әдебиет**<br>**Міндеті:** Тілдің көркемдігін сезіну ( эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер)<br>**Күтілетін нәтижелер:** себеп-салдарлық байланыстарды, әдеби жанрларды ажыратады;<br>–Бүгін біз автор Рахым | **1.Құрастыру, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру**<br>**Міндеті:** Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау). Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын | **Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті:** Сөздерді буынға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау.<br>**Күтілетін нәтижелер:** берілген буынға сөз құрастырады;<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Құмырадағы гүлдер »** | **1.Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеттері:** Әрбір сөздің мағынасын түсіну.<br>**Күтілетін нәтижелер:** сөздің мағынасын түсінеді;<br>**1.Дидактикалық жаттығуы «Дұрыс көрсет»**<br>Балалар мен сендерге сөздер | **1.Көркем әдебиет**<br>**Міндеттері:** Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:** көркем шығарманы рөлдерге бөліп, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Ата-аналармен әңгімелесу.Кеңес беру. | Ата-аналармен баланың денсаулығы, үй режимі, тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелер, кеңестер | | | | |
| Баланың дербес әрекеті. (үстел үсті ойыны. баяу қимылды ойындар, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар) | ***«Құрымдалған ойын» «Дұрыс көрсет, ажырат» Мақсаты: Балалардың тағамдар мен ыдыстар туралы біледі, олардың атауларын айта алады.*** | ***«Құрымдалган ойын» «Өзім және отбасым» Мақсаты: Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы айта алады бақытты жанұяның қандай болу керектігін кеңінен түсінеді.*** | ***«Құрымдалған ойын» «Мамандықтың бәрі жақсы» Мақсаты: балалар әр түрлі мамандық иелерін біледі.*** | ***«Құрымдалған ойын» «Бұны қай кезде киеді?» Мақсаты: әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін баяндай алады.*** | ***«Құрымдалған ойын» Бақша да ма,бау да ма? Мақсаты: Жемістер мен көкөністерді ажырата алады.*** |
| Таңертеңгі жаттығу \ | Картотека №3 | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет | | | | | |
| Кестеге сәйкес 1-ші ұйымдастырылған іс –әркет | **Көркем әдебиет**<br>**Міндеті:** Өлеңді жатқа, мәнерлеп.<br>**Күтілетін нәтижелер:** өлеңдерді мәнерлеп, интоначиямен оқиды;<br><br>Ғарышкер – аспан әлеміне ұшатын адамдар.<br>Ғарышкер ғарышқа зымыранмен ұшады. Оны ғарышкеме деп атайды. Олар ғарышқа ұшып барып, аспан әлемін зерттейді.<br>– Кім ғарышкер болғысы келеді?<br>– Қандай ғарышкерлерді білесіңдер?<br>.<br>– Бүгін біз ақын Жақан Смақовтың «Мен ғарышкер боламын» өлеңімен танысамыз.<br>Педагог өлеңді оқып, мазмұнын түсіндіреді, жаттатады. | **1.Құрастыру, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру**<br>**Міндеттері:** Қағаздан құрастыру. Қағазды ортасынан, төртке бөліп бүктеуге, түрлі бағытта, тегістеп бүктей білуге үйрету. бірдей бөлікке қиғаштай бөлінген (бұрыштарының басын дәл қосу) ұсақ заттарды дайындауда шаршы қағазын бүктеу біліктерін қалыптастыру<br><br>Мен сіздерге қағазды ортасынан, төртке бөліп бүктеуге үйретемін.<br>Мұғалім балаларға әр іс-әрекетті | **Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті:** Сөздерге дыбыстық талдау<br>**Күтілетін нәтижелер:** сөздерге дыбыстық талдау жасайды;<br>**Әдісі**: түсінік беру, талдау. топтық, жұптық.<br>**Сөзге дыбыстық талдау жасау.**<br>АЛМА 4 дыбыс, 4 әріп. 2 буын<br>А-дауысты д.<br>Л-дауыссыз д.<br>М-дауыссыз д.<br>А-дауысты дыбыс.<br><br>**Дидактикалық ойын: Жоғалған дыбыс»**<br>– Мен сендерге суреттер | **Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті:** Сөздерге дыбыстық талдау<br>**Күтілетін нәтижелер:** сөздерге дыбыстық талдау жасайды;<br><br>**Әдісі:** талдау, сұрақ жауап, топтық.<br><br>**Сөзге дыбыстық талдау жасау.**<br>Шана 4 дыбыс, 4 әріп. 2 буын<br>Ш-дауыссыз д.<br>А-дауысты д.<br>Н-дауыссыз д.<br>А-дауысты дыбыс<br>**«Сөз ойла»** дидактикалық жаттығуы (Әр дұрыс жауапқа педаго г балаларға жұлдызша беріп | **Көркем әдебиет**<br>**Міндеті:** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту<br>**Күтілетін нәтижелер:** өлеңдерді мәнерлеп, интоначиямен оқиды;<br><br>Педагог «Мен ғарышкер боламын» өлеңін екінші рет қайталап оқиды.<br><br>**Мен ғарышкер боламын**<br>**Аспан, аспан, арайлым,**<br>**Саған жиі қараймын.**<br>**Сені көзбен шоламын,**<br>**Мен ғарышкер боламын**<br><br>– Өлеңнің бірінші жолы қалай басталады?<br>Өлеңді эмоциямен 2-3 рет қайталайды, бірге жаттайды. Педагог сөйлемнің басын оқып, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Мен ғарышкер боламын**<br>**Аспан, аспан, арайлым,**<br>**Саған жиі қараймын.**<br>**Сені көзбен шоламын,**<br>**Мен ғарышкер боламын**<br><br>**Дид. ойын: «Жеміс терейік!»**<br><br>**Жемістердң тауап, атын атайды.** | көрсетеді. Әрқайсысына майлық алыңыз.Майлықты екіге, содан кейін қайтадан екіге бүктеңіз. Барлық қабаттарды степлермен тесіп жалғаңыз. Қағаз қыстырғыштарын көлденең орналастыру арқылы беріктікке тағы бір рет тесіңіз. Балалар, қайшыны алып, шеңберді қиып алыңдар.Белгілі бір уақыт аралығында тереңдігі шамамен 10 мм кесінділер жасаңыз. | көрсетіп бірінші дыбысты айтпай сөз айтамын, сендер жоғалған дыбысты жалғап толық сөзді айтасыңдар да допты кері бересіңдер.<br>Мысалы:... ерезе (т), ...ілем (і)і, ...алық(б), ...үрек(ж), ...ақыт (б), уыршақ...(қ), ...омбыра (д), ...екемет (т), ...ышақ (п),... аймақ (қ), ...анан(б), ...ектеп(м), ...рік(ө), ...ияз(п) т.б.<br><br>**Дыбыстық талдау.**<br>**Жұптық жұмыс**<br><br>Берілген дыбыстардан басталатын сөздер айту.<br>А-дауысты дыбыс. | отырады)<br>-ал буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты.<br>Мысалы: алма, алтын, алжапқыш, алға, аласа, ала, алқа, Алжан, алмас, алау,<br>Альбина, ал т.б .<br>-оқ буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты.<br>Мысалы: оқу, оқы, оқымысты, оқулық, оқ, оқыс, оқшаулау, оқтар т.б.<br><br>**Ойын: «Дыбыстар қайда орналасқан?»**<br>Мақсаты: дауысты дыбыстарды ажырата білу. | балалар жалғастыратын тәсілді қолданады. 3-4 бала өлеңді жатқа айтады.<br>Дәптермен жұмыс:<br>1 Суретте не бейнеленген?<br>Бала нені армандап тұр? Ойынды ортаға сал.<br>Сенің ғарышкер болғың келе ме?<br>Қандай ғарышкерлерді білесің?<br>2. Суретті бастырып сыз. Боя.<br>Педагог үзік сызықтарды қосып сыздырып, боятады |
| | **Үзіліс** | | | | |
| |     | | **Ойын: *«Мысықтар мен балалар»***<br>**Мақсаты:** Берілген белгіні дұрыс тыңдай білуге, ойын ойнағанда қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге, топпен ойнауды ойнай білуге үйрету. Ептілікке,алғырлыққа тәрбиелеу.<br>**Ойынның шарты:** Балалардың жартысы мысықтар болады, ал жартысы олардың иесі болады. Мысықтар баспалдақта отырады, олардың иелері жүрелерінен алаңның екінші жағында отырады.<br>Тәрбиеші сүт кімге керек деп сүт құйғандай болады.Балалар «кис-кис», деп шақырады.Мысықтар жақындаған да балалар алаңның екінші жағына қашып шығады. Ойын 2-3 рет қайталанады. | | |
| 2-ші ұйымдастырылған іс- әрекет | **Математика негіздері**<br>**Міндеті** - 10 көлеміндегі сандарды салыстыру<br>**Күтілетін нәтижелер:** 10 көлеміндегі сандарды тура және оларды қайта біріктіреді;<br><br>**Әдісі:** түсіндіру, талдау, топтық, үштік.<br>**Карточкамен жұмыс**<br>Тақтада (демонстрациялық материал 21- кесте)<br>1 -ден 10-ға дейін сандар қатары ретімен тұрады.<br>Топтан екі баланы шақырады, олар цифрды тез және дұрыс қояды, | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті:** Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:** әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті, әдепті ұстайды;<br><br>Педагог балаларға сұрақ қою арқылы ертегі мазмұнын пысықтайды.<br>–Ертегіде нелер жайлы айтылған?<br>–Қасқыр мен Түлкі дос болған ба?<br>–Екеуі жолдан не көрді?<br>–Қасқыр Түлкіге не деді?<br>–Сонда Түлкі не дейді?<br>–Еттегі қақпанға қайсысы түседі?<br>–Түлкі сияқты айлакер, қу болу керек | **Математика негіздері**<br>**Міндеті:** 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен<br>**Күтілетін нәтижелер:** 10 көлеміндегі сандарды тура және оларды қайта біріктіреді;<br><br>**Әдісі:** түсіндіру, талдау. топтық.<br><br>Педагог балаларды вагондар болуға шақырады. Он бала бір-біріне тіркесіп, пойыздың қозғалысын еліктейді. Балаларға 1-ден 10-ға дейін цифр жазылған карточкалар таратылады. Педагог басқа балаларға вагондарды 1-ден 10-ға дейін тура | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті:** Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:** әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті, әдепті ұстайды;<br>**Суреттермен жұмыс жүргізу.**<br>Суретте нелерді көріп тұрмыз.<br>Жануарлар.<br>Жануарлар нешеге бөлінеді?<br>Екіге<br>Дұрыс<br>Балалар мынау орман Орманда қандай жануарлар болады?<br>Жабайы жануарлар | **Қазақ тілі**<br>**Міндеті:** Қысқа және толық жауап беруге баулу<br>**Күтілетін нәтижелер:** бір-бірімен еркін диалог құрады;<br><br>**Әдісі:** әңгімелеу. баяндау, топтық.<br>**Дидактикалық ойын: «Сиқырлы дорба», ішінде** азық түлік (суреттер нан, сүт, май) бар.<br>Сиқырлы дорбада не бар?<br>Балалар дорбадан таныс азық түлікті (нан, сүт, май) алады, атайды.<br>– Сиқырлы дорбаны көрейік, тағы не бар екен. Ол үшін дорбамызды сиқырлайық, дорба туралы жақсы сөздер айтыңдар:<br>Дорба әдемі, дорба жақсы. |

<table>
<tr>
<td rowspan="3"></td>
<td>тура және кері санайды. Бір бала санауды бастайды, екіншісі жалғастырады деген тәсілді пайдаланамыз.<br><br>**Дид. ойын : «Сандар тізбегі»**<br>Шарты: Сандарды ретімен санау, тақтаға жазу.<br><br>10-ға дейінгі сандарды реттік санау.<br><br>**Ойын жаттығуы: «Дұрыс көрсет»**<br><br>Шарты: Сандарды кеспе сандармен көрсету, санау.</td>
<td>пе?<br>–Ертегі қызық бекен, сендерге ұнады ма? Жалғастырта 3– 4 баладан сұрап шығады. **Дидактикалық ойын: «Түлкінің құйрығын тап».**<br>Ойын шарты: балалар қима суретерден Түлкінің құйрығын тауып көрсетеді.<br><br>**Ойын: «Қасқыр мен лақтар»**<br><br>Шарты: Жақсы, жаман кейіпкерлерді ажыратуға үйрету.<br><br>Ұнаған кейіпкерлер туралы әңгімелеп, айтып беру.</td>
<td>және кері санауды сұрайды.<br>Вагондармен көрініс ойнатылады. Педагог вагондардың бір-бірден туннельге қарай кетіп жатқанын хабарлайды. Сандық сәуле бойынша педагог 1-ге азайту амалын көрсетеді.<br><br><br>**Сонымен**<br>**10 – 1 = 9**<br>**9 –1 = 8**<br>**8 – 1 = 7**<br>**7 – 1 = 6**<br>**Ойын: «Пішіндерді тап»**<br>**Шарты:** Тақтадағы пішіндерді көрсетіп, атын атайды.<br>**Математикалық тізбек.**<br><br>Сандарды ретімен жазу, санау.</td>
<td>Жабайы жануарлар түрлерін атап, олар туралы әңгімелеу.<br><br>Ойын: «Айырмашылығын тап!»<br><br>Шарты: Жануарларды атап, оларды ажырата білу.<br><br>Ойын: «Мен нені көрдім? »<br><br>Суреттерді орнын ауыстырып, оларды табу.</td>
<td>1, 2, 3, 4, 5<br>5, 4, 3, 2, 1<br>Міне, дорба ашылды!<br>Педагог дорбаның екінші түбінен тағамдарды (суреттерді) алып, жаңа сөздермен таныстырады.<br>– Мынау – жұмыртқа. Жұ-мырт-қа.<br>– Мынау не?<br>– Мынау – жұмыртқа.<br>– Жұмыртқа – тағам.<br>– Жұмыртқа – ... (тағам)<br>– Мынау – ірімшік. І-рім-шік.<br>– Мынау не?<br>– Мынау – ірімшік.<br>– Ірімшік дәмді.<br>– Ірімшік дәмді ме?<br>– Ірімшік дәмді.<br>Ойын: «Кім жылдам?».<br>**Сұрақтарға жауап беру.**</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="5">**Үзіліс**</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="2">**Дәстүрлі емес технологиясын пайдалана отырып жасалған балаға арналған саусақ ойындары**<br>**«Жасыру» саусақ ойыны.**<br>**Ойын шарты**: Қатысушылар алақанға қысқа қарындашты салады, жұдырықты жұмады және ашады.<br>Қысқа қарандаш аламыз, жұдырыққа қысып, жасырамыз.<br>Ал енді, келесі қолға жасырамыз.<br>Қарандашты қыса отырып,<br>Алақанды ауыстырамыз.<br>Бұл ойында баланың қол икемділігі, танымдық деңгейі артады.<br>**«Салат» саусақ ойыны.**<br>Сәбізді алып тазалаймыз, (оң қолды жұдырыққа түйіп, сол қолдың алақанына ысқылайды)<br>Үккішпен үгіп майдалаймыз, (екі қолды жұдырыққа түйіп кеудеге ұстап, жоғары-төмен қозғайды)<br>Қанттан сеуіп дәмдейміз, (саусақтардың ұшымен қант себеді)<br>Міне дайын нәр тағам (екі қолын алдына жайып көрсетеді)<br>Дәруменге байыған. (алақанымен іштерін сипалап,<br>тойғандықтарын көрсетеді)</td>
<td colspan="3">**Ойын: «Сылдырмақпен сылдырлат »**<br>**Мақсаты:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.<br>**Ойынның шарты:** 5-6 балалар аланның бір жағында сызықтың ар жағында тұрады. Қарама-қарсы жақта орындықтарда бір бірінен арақашықтығы бірдей болып сылдырмақтар /бал-ң санына сай/ жатады. «1-2-3, жүгіріңдер»- деген белгі бойынша балалар сылдырмақтарға қарай жүгіреді, жоғарыға көтереді де сылдырлатады. Бірінші жетіп, сылдырлатқан бала жеңіске жетеді. Сол балалар орындарына барады, басқа ойнаушылар қатысады.<br>**Ұсыныс**: Ойынды қиындатуға болады: кедергілерден секіртіп /жіптен, текшелерден, шеңберден өту, т.б<br><br> </td>
</tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 3-ші ұйымдастырылған іс- әрекет | **Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті:** Төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйретуді жалғастыру<br>**Күтілетін нәтижелер:** сөздерге дыбыстық талдау жасайды;<br><br>**Әдісі:** түсіндіру, сұрақ жауап, жұптық.<br><br>**Дидактикалық ойын: «Сөз жарыс»**<br>Педагог: Балалар, енді «Сөз жарысын» ұйымдастырайық. Мен бір тақырып айтамын<br>сендер сол тақырыпқа байланысты ғана сөздерді буынға бөлулерің қажет. Мысалы: киімдер,<br>гүлдер, сандар т.б. Кім көп сөз айтып, буынға бөлсе, сол жеңімпаз болады (сөз айтып, буынға<br>бөлген балаға жұлдызша беріліп отырады).<br>Жұлдызшаны санау арқылы жеңімпаз анықталады.<br>**Дидактикалық ойын: «Қағып ал»**<br>– Мен сендерге сөздің бірінші дыбысын айқынырақ айтып, допты лақтырамын. Сендер<br>мен айқынырақ айтқан дыбысты қайталап допты өзіме лақтырасыңдар<br>Мысалы: қққасқыр(қ), еeeтік(е), тттүлкі(т), өөөрік(ө), бббалық(б), сссағат(с), аaалқа(а),<br>жжжаз(ж), мммоншақ(м), қққоңыз(қ), қққолшатыр(қ), бббілезік(б), жжжұлдызша(ж),<br>оооотын(о), қққарға(қ), сссазан(с), шшшахмат(ш), тттау(т), кккерік(к), әәәтеш(ә), еееcек(е),<br>тттүйе(т), мммандарин(м), қққобыз(қ), сссандық(с), тттекемет(т), еeeр(е), үүүзеңгі(ү),<br>ааарба(а) т.б.<br>– Қай дыбыстар созып айтылмайды екен. Оларды қандай дыбыстар дейміз? | **Математика негіздері**<br>**Міндеті:** Саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару<br>**Күтілетін нәтижелер:** 10 көлеміндегі сандарды тура және оларды қайта біріктіреді;<br><br>Мақсаты 10 көлемінде тура және кері санау дағдысын қалыптастыру.<br><br><br>□ – □<br>5 – 1<br><br>□ – □<br>7 – 1<br><br>□ – □<br>4 – 1<br>**Ойын жаттығуы: «Жазбаны шеш».**<br>Балалар карточкалардың көмегімен үстелде және тақтада математикалық жазбалар жасайды. | **Қазақ тілі**<br>**Міндеті:** Қысқа және толық жауап беруге баулу<br>**Күтілетін нәтижелер:** бір-бірімен еркін диалог құрады;<br><br>**Әдісі:** баяндау, сұрақ жауап, жұптық.<br><br>**Сюжеттік ойын:** «Дүкен»<br>Балалар кезекпен дүкенге келеді.<br>Педагог – сатушы.<br>Диалог үлгісі:<br>– Сәлеметсіз бе!<br>– Сәлеметсіз бе!<br>– Кесе беріңізші.<br>– Қандай кесе?<br>– Үлкен, екі жасыл кесе.<br>– Міне, кесе алыңыз.<br>– Рақмет. Сау болыңыз.<br>– Сау болыңыз.<br>Үлгі бойынша балалар кезекпен ойнайды.<br><br>Суретпен жұмыс жүргізу.<br><br>**Ойын: «Мен қай жемісті көрсеттім?»**<br><br>Шарты: Педагог себеттен жемістерді көрсетеді. Балалар атын атайды. | **Қоршаған орта**<br>**Міндеті:** Қазақстан Республикасының Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіну.<br>**Күтілетін нәтижеелер:**<br>Қазақстан Республикасының Президентін біледі, оны мақтан тұтады;<br>Балаларға Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Тұңғыш президент екені туралы әңгімелеу, түсіндіру.<br><br>Жарайсыңдар балалар! Ендеше бүгінгі сабағымызда Еліміздің тұңғыш президенті жайында айтамыз. Тақтаға қарандаршы, мына суретте кім бейнеленген?<br>Балалар:<br>- Нұрсұлтан Назарбаев!<br>Тәрбиеші:<br>- Дұрыс, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Ал, балалар ол кім екенін білесіңдер ме?<br>Балалар:<br>Ол біздің президентіміз!<br>- Дұрыс, балалар! Ол Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті.<br>Мақсатына жету үшін алдағы, Әубастан-ақ, дұрыс жолды таңдады.<br>Сол азамат Нұрсұлтаның емес пе,<br>Орындаған бабалардың арманын<br><br>Күн өткен сайын құлпырып,<br>Жайнадың гүлдей Астана,<br>Елорда – менің Астанам,<br>Елорда-менің бас қалам<br><br><br>Ойын: «Өз орнын тап!»<br><br>Мақсаты: Суреттерді орналастыру. | **Қоршаған орта**<br>**Міндеті:** Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлері Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаевті білу, оларды құрметтеу<br>**Күтілетін нәтижеелер:**<br>Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлерін біледі, оларды құрметтейді;<br>**Әдісі**: түсіндіру, сұрақ жауап, топтық.<br>Иә, бұл сәуір айында үлкен мереке бар. Ол – ғарышкерлер күні деп аталады.<br>- Балалар аспаннан нелерді көруге болады?<br>. Балалар, айтыңдаршы, сендер қандай мамандық түрлерін білесіңдер? (балалардың жауабы ).<br>Тәрбиеші:<br>- Дұрыс айтасыңдар. Мұғалім, дәрігер, құрылысшы, жүргізуші, өрт сөндіруші, дүкенші, шаштараз тағы басқа көп мамандар бар екен. Әрбір мамандық адамзатқа өте қажет екен.<br>Мысалы: дәрігер-адамдарды емдейді, мұғалім-балаларды оқытады, жүргізуші – көліктер жүргізеді, өрт сөндіруші – өрт сөндіреді.<br>Ал бүгін біз сендермен тағы бір маман түрімен танысамыз – бұл ғарышкер<br>- Ғарышкерлер дегеніміз кімдер?<br>- Ғарышкерлер дегеніміз – олар ғарышқа, аспан әлеміне ұшатын адамдар<br>**Ойын: «Жұлдызды аспан әлемін құрастыру»**<br>**Ойын шарты**: балалардың алдына аспанд аболатын және жерде болатын денелердің арасынан тек аспанда болатын денелерді табу. Мысалы: гүл жерде, ай аспанда т.б.<br><br>Үлестірмелі материалмен жұмыс: «Зымыран құрастыру.<br>Әртүрлі геометриялық фигуралардан зымыран құрастыру. Зымыран туралы әңгімелеу. |
| | | | | | |
| |  | | ***Ойын: «Көжектер»***<br>**Мақсаты:** Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Балаларды салауатты салтына тәрбиелеу.<br>**Шарты:** Балалар шеңбер жасап тұрады. Бір бала “түлкі” болады. Қалғандары көжектер секіріп билеп жүреді. Түлкі сыбдырды естіп көжектерді қуады. Қаша алмай қалған көжектерді түлкі ұстап алады, ойын осылай қайталана береді. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| |  | |  | | |
| 4-ші ұйымдастырылған іс- әрекет | **Музыка**<br>**Міндеті:** Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу.<br>**Күтілетін нәтижелер:** музыканы сипатына сәйкес қимылдарды орындайды;<br>Музыка тыңдау:<br>«Көктем» әнін тыңдату.<br>«Наурыз тойы» (Т. Мұратов)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>Ойындар, хороводтар:<br>«Төлдер» (Д. Ботбаев)<br>Музыкалық аспапта ойнау:<br>«Музыкалық моншақтар» | **Дене шынықтыру**<br>**Міндеті**: Сапта тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру<br>**Күтілетін нәтижелер:** сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүреді, белгі бойынша заттардан бір қырымен аттап жүреді<br><br>Сапқа тұру. Саппен жүру.<br>1,2,3 сандарын санау арқылы қатарға бөліну.<br><br>Балалар залда бытырап жүреді. Бастаушының нұсқауларын бұлжытпай орындайды. Егер «жер» - десе қолдарын төмен түсіреді, егер «су» - десе қолдарын алға созып, суда малтаған сынай көрсетеді, «ауа» - десе құстай ұшып бара жатқандай болады, «от» десе қолдарын созып, алға, артқа айналдыра бастайды.<br><br>**Қимыл қозғалыс ойыны**<br>«Мысық пен тышқандар<br>Шарты: Біәр бірімен ұжыммен ойнауға, шапшаңдыққа үйрету. » | **Музыка**<br>**Міндеті:** Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу.<br>**Күтілетін нәтижелер:** музыканы сипатына сәйкес қимылдарды орындайды;<br>Музыка тыңдау:<br>«Бұлбұл» (Д. Нұрпейісова)<br>Ән айту:<br>«Қайырлы таң» (Е. Өміров)<br>«Наурыз тойы» (Т. Мұратов)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Жеңіл би» (Т. Ломова)<br>Билер:<br>«Қоян биі» (В. Питерцев)<br>Ойындар, хороводтар:<br>«Төлдер» (Д. Ботбаев)<br>Музыкалық аспапта ойнау:<br>«Латыш полькасы» (М. Раухвергер) | **Дене шынықтыру**<br>**Міндеті**: - Сапта тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру<br>**Күтілетін нәтижелер:** сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүреді, белгі бойынша заттардан бір қырымен аттап жүреді<br><br>**Сапқа тұру, жүру, жүгіру.**<br><br>Бой жазу жаттығуларын орындау.<br>Қолды алға, жанға созу.<br>Қолды белге қойып, оңға, солға бұрылу.<br>Қолды алға созып. Отырып тұру.<br><br>Асықпен ойын<br>Асықтарды тігу.<br>Асықтарды тізіп. Тигізу.<br><br>**«Кім шапшаң?» ойыны.**<br><br>Мақсаты: Қарапайым тапсырмаларды орындауға үйрету. | **Дене шынықтыру**<br>**Міндеті**: Сапта тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру<br><br>**Күтілетін нәтижелер:** сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүреді, белгі бойынша заттардан бір қырымен аттап жүреді<br><br>Сапқа тұру. Саппен жүру.<br>1,2,3 сандарын санау арқылы қатарға бөліну.<br><br>Балалар залда бытырап жүреді. Бастаушының нұсқауларын бұлжытпай орындайды. Егер «жер» - десе қолдарын төмен түсіреді, егер «су» - десе қолдарын алға созып, суда малтаған сынай көрсетеді, «ауа» - десе құстай ұшып бара жатқандай болады, «от» десе қолдарын созып, алға, артқа айналдыра бастайды.<br><br>**Қимыл қозғалыс ойыны**<br>«Мысық пен тышқандар<br>Шарты: Біәр бірімен ұжыммен ойнауға, шапшаңдыққа үйрету. » |
| Серуенге дайындық | Серуенге деген қызығушылықты ынталандыру.Киіну: жүйелік, серуенге шығу, ережелері сақтау, балалармен жеке әңгімелер жүргізу | | | | |
| Серуендеу | Ауа райы құбылыстарын және табиғи обьектілерді бақылау<br>(№ 7 карточка)<br>Шырша ағашын бақылау<br>Еңбек әрекеті: «шырша ағашының айналасын тазалау» | Ауа райы құбылыстарын және табиғи обьектілерді бақылау<br>(№ 8 карточка)<br>Су тамашыларын бақылау<br>Еңбек әрекеті: кішкентайлардың ойын алаңына баратын жолға құм шашуға тәрбиешіге көмектесу | Ауа райы құбылыстарын және табиғи обьектілерді бақылау<br>(№ 10 карточка)<br>Қардың еруін бақылау<br>Еңбек әрекеті: Тәрбиешімен бірге ауладағы сынған ағаш бұталарын шығару | Ауа райы құбылыстарын және табиғи обьектілерді бақылау<br>(№ 11 карточка)<br>Ұшып келген құстарды бақылау<br>Еңбек әрекеті: гүл егетін орынды тазалап, гүл отырғызуға дайындау | Ауа райы құбылыстарын және табиғи обьектілерді бақылау<br>(№ 13 карточка)<br>Тастарды бақылау<br>Еңбек әрекеті: Ұжымдық жұмыс, балабақша аумағын тазалау. |
| Балалардың дербес әрекеті | Балалардың қызығушылығы мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып ұйымдастырылған әр түрлі балалар іс –әрекеті ойын түррінде жүзеге асырылады | | | | |
| Балалармен жеке жұмыс | Балалармен жеке жұмыс: әңгіме, дидактикалық ойындар, бейнелеу әрекеті арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту және т.б | | | | |

**Бекітемін:**
**Оқу ісі меңгерушісі: С.Қанатбаева**

# Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Т.Жаманмұрынов атындағы ЖББОМ мектебі

Тобы: мектепалды даярлық тобы

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрыл кезеңі ( күні, айы, жылы) 15-19.04.2024жыл

| Күн тәртібі | **Дүйсенбі 15.04.2024** | **Сейсенбі 16.04.2024** | **Сәрсенбі 17.04.2024** | **Бейсенбі 18.04.2024** | **Жұма 19.04.2024** |
|---|---|---|---|---|---|
| 1.Балаларды қабылдау. | Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу.Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Балалардың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме, оны не қызықтырады, баланың жеке пікірін білдіруге қатысты. | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу.Кеңес беру. | Ата-аналармен баланың денсаулығы, үй режимі, тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелер, кеңестер | | | | |
| Баланың дербес әрекеті. (үстел үсті ойыны. баяу қимылды ойындар, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар) | **«Әдебиет орталығы»**<br>**«Тату доспыз бәріміз»** тақырыбында сурет арқылы жұмыс жүргізу. Суретке қарап, әңгімелер құрайды.<br>Туыспыз біз бәріміз,<br>Бір Отанды сүйеміз.<br>Бақытты елде туған соң,<br>Бақытты өмір сүреміз!<br>Өнер орталығы: әр ұлт өкілдерінің суретін салады. | Д/ойын:<br>«Керісінше айт»<br>Мақсаты:<br>Балалардың сөздік қорына антоним сөздерін енгізу (жылы- суық, ыстық-суық, жарық -қараңғы және т.б.); айналаны қоршаған ортаны терең түсіне білу. | **«Бауырмал халық» Боямақпен жұмыс.**<br>**Мақсаты**: Қазақ халқы бауырмал халық. Біздің елімізде тұрып жатқан орыс, корей, түрі т.б. халықтар біздің жерімізден жер беріп, жылы құшақпен қарсы алған.<br>Суретте берілген қазақ, орыс, өзбек, татар халқының ұлттық киімінің ерекшелігін айтып, сәйкес түспен бастырып, бояуды ұсынамын.<br>Бақытты елде туған соң,<br>Бақытты өмір сүреміз. | **Үстел- үсті ойын: «Пазлдарды құрастырамыз» «Әрқашан күн сөнбесін!»**<br>**Мақсаты**:конструктормен,есептеу таяқшаларымен өз еркімен құрастыру. Логикалық ойлау қабілетін дамыту. Көліктер жайлы әңгімелесу. | **Д/ойын: «Достық»**<br>**Мақсаты**:<br>1 мамыр- Қазақстан халықтар бірлігі күні екенін оқушыларға жеткізу;<br>**Ынтымақ**тыққа, достыққа, өз Отанын сүюге, қорғауға тәрбиелеу. |
| Таңертеңгі жаттығу \ | Картотека № 10 | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Кестеге сәйкес 1-ші ұйымдастырылған іс –әркет | **1.Көркем әдебиет**<br>**Міндеттері:** Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацяларына аудару.<br>**Күтілетін нәтижелер:** түрлі дереккөздерден алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөліседі;<br><br>**Дидактикалық ойындар:**<br>«Менің кітаптарым»<br>Ойын шарты: оқушыларға әр түрлі ертегі кітаптарды көрсетемін.Әр оқушы өзіне ұнаған ертегі кітартарды таңдап алады.Сол кітапты ашып қарап, ішіндегі суреттердің салынуы, кейіпкерлердің бейнелерін, олардың эмоцияларын анықтайды.<br>Оқушыларға «Балдырған» журналының боялмаған суреттерін таратып беремін.Сол суреттерді әр оқушы өздері бояп алады.боялған суреттерді бір-біріне қосып кітап шығарамыз.<br> | **1.Құрастыру, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру**<br>**Міндеттері:** Сәндік сурет салу: түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішіндерде өрнектерді құрастыра білу іскерліктерін бекіту. Түрлі өлшемдегі өрнекті элементтерді үйлестіру, ақ және түрлі түсті қолдана отырып, түстерді таңдауды қолдану;<br>**1.Дидактикалық ойын: «Бұл заттың түсі қандай түс?»**<br>Ойын шарты: Оқушыларға әр түрлі ұсақ боялмаған суреттер беріледі, сол суреттерді әр заттың өз түсімен бояп шығу керек.<br>Мысалы: күн, бұлт, ай, жапырақ т.б<br>**2. Есте сақтау:**<br>**« Түсін тап»**<br>Ойын шарты: Оқушыларға боялмаған суреттерді көрсетіу арқылы түстерін анықтау.<br>Мысалы: әр түрлі жемістер, әр түрлі ойыншықтар т.б<br>**3.Үстел үсті ойын: «Мозайк»**<br>Балалар мазайканың ұсақ бөліктерін орналастыру арқылы түстерді құрап шығу керек | 1.**Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеттері:** Көгөністердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу.<br>**Күтілетін нәтижелер:** қолды жазуға дайындауға берген тапсырмаларды қызығушылықпен орындайды;<br>Д\Ойын<br>«Бауда ма, бақшада ма?»<br><br>Көкөністер мен жемістерді балаларға топтастырып жинату.<br><br>«Жемістер мен көкөністер» өлеңін жаттау.<br>Алма,алмұрт,қарбыз, қауын<br>Бәрі бақта піседі<br>Жапырақтар сусып-сусып<br>Жерге жаймен түседі.<br>**Үстел үсті ойыны:**<br><br>оқушыларға боялмаған көгөністердің суреттерін таратып беремін. Тақтада сол көгөністердің суреттері ілулі тұрады. Көгөністердің түстерін тақтадағы суреттер қарап шатыстырмай бояуы керек.<br> | **1.Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеттері:** Көгөністердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу.<br>**Күтілетін нәтижелер:** қолды жазуға дайындауға берген тапсырмаларды қызығушылықпен орындайды;<br><br>Балалар бізге әжей ғажайып дорба беріп жіберіпті.<br><br>Дидактикалық ойын:<br><br>-Ғажайып дорбаны кім ашады?<br>-Қане Айдана ашағой.<br>-Қане қарайық ішінде не бар?<br>-Мынау не кім айтады?<br>-Картоп қандай пішінге ұқсайды?<br>-Алма қайда өседі балалар?<br>-Балалар картоптың дәмі қандай?<br> | **1.Көркем әдебиет**<br>**Міндеттері:** Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацяларына аудару.<br>**Күтілетін нәтижелер:** түрлі дереккөздерден алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөліседі;<br><br>**Дидактикалық ойындар:**<br>«Менің кітаптарым»<br>Ойын шарты: оқушыларға әр түрлі ертегі кітаптарды көрсетемін.Әр оқушы өзіне ұнаған ертегі кітартарды таңдап алады.Сол кітапты ашып қарап, ішіндегі суреттердің салынуы, кейіпкерлердің бейнелерін, олардың эмоцияларын анықтайды.<br>Оқушыларға «Алдар көсе » журналының боялмаған суреттерін таратып беремін.Сол суреттерді әр оқушы өздері бояп алады.боялған суреттерді бір-біріне қосып кітап шығарамыз<br> |
| | **Үзіліс** | | | | |
| | | **Ойын:** «Жалауша»<br>**Ойынның мақсаты:** жарысып тез жүгіруге,қарсыласынан бұрын жалаушаны алуға жаттықтыру.<br>Керекті құралдар: ысқырық,жалауша,бор,таяқша.<br>**Мазмұны.**<br>Сыныптағы балалар санау арқылы екі командаға бөлінеді.Олар ойын алаңының екі шетінде қарама-қарсы сап түзеп тұрады.Ойыншылардың дәл ортасынан диаметрі 1 метрлік шеңбер сызылады.Шеңбердің ортасына жалауша тігіледі.Жалаушаның қасында қолына ысқырық ұстаған ойын жүргізуші тұрады. | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| |  | Ойынның басталуына белгі берілгеннен кейін әр командадағы бірінші тұрған ойыншылар тез жүгіріп келіп, жалаушанр ала алса, ол ойыншы команда есебіне ыр ұпай қосады.<br>Ал шеңберге екі бала да қатар келсе, олар өте сақ болулары керек, өйткені қай ойыншыға қарсыласының қолы бұрын тисе, оның жалаушаны алуға қақысы жоқ.<br>Ойын осылай бірнеше рет жүріп,жеңіске жеткен команда анықталады.<br>**Ойынның ережесі.**<br>1.Ойыншылар тұрған қатарларынан бір мезетте шығуын мұқият қадағалау қажет.<br>2. Шеңбердің сызығын басуға болмайды.<br>3. Шеңбер ішінен алған жалаушаны ойын жүргізушіге беріп, ойыншылар қайтадан тұрған орындарына жүгіріп кетеді.<br>**Әдістемелік нұсқаулар.**<br>Ойын қызықты өту үшін командаларды бір түзудің бойына тұрғызу керек. Ойын жүргізуші етіп сабаққа қатыса алмайтын оқушыларды немесе арнаулы төрешілерді тағайындауға болады. л | | | |
| 2-ші ұйымдастырылған іс- әрекет | **2.Математика негіздері**<br>**Міндеті:** Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту<br>**Күтілетін нәтижелер:** геометриялық пішіндердің (дөңгелек, сопақша, ұшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) ажыратады және айтады:<br><br>**Әдісі:** Түсіндіру, сұрақ жауап, жұптық.<br><br>**«Сиқырлы дорба» ойыны.**<br>«Сиқырлы дорбада» - шар, текше, цилиндр, шаршы, ұшбұрыш, шеңбер бар. Ал үстелде олардың суреттері бар.<br>Педагог ойын жағдайын жасайды:<br>– Балалар, геометриялық фигуралар мен денелер өмір сүрген, бір патшалықта бақытсыздық болды. Зұлым сиқыршы сиқырлы таяқшаның бір соққысымен оның барлық қандай зат екенін, қолымен ұстап, сипалау арқылы анықтап және оның суретін табу.<br>Балалар кезек-кезек екі қолымен фигураларды ұстап қарап, оны дорбадан шығарады, оның суретін тауып, үстіне фигураны қояды.<br>Балалар көздерін жұмып, әрқайсысы команда бойынша дорбадан заттарды алады.<br>Қозғалыстар мәтін бойынша орындалады. | **2.Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті:** Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттармен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау.<br>**Күтілетін нәтижелер:** әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті, әдепті ұстайды;<br><br>Суреттер бойынша сипаттау.<br>**« Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш»** әңгімесін мазмұны бойынша әңгімелеп айтуды үйрету<br><br>Педагог: "Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш" әңгімесін оқып береді.<br>Атасы мен баласы далада келе жатып, атасы баласынан сұрайды:<br>–Анау өрмекшіні көрдің бе? Бала:<br>–Көрдім, өрмек тоқып жүр. Ата:<br>–Анау құмырсқаны көрдің бе? Бала:<br>–Көрдім, аузында нанның ұнтағы бар, кетіп барады. Ата:<br>–Жоғары қара, аспанда не көрінеді? Бала:<br>–Жоғарыда қарлығаш ұшып жүр, аузында тістеген шөбі бар, – дейді.<br>Сонда атасы былай дейді:<br>–Олай болса, шырағым, ол кішкентай жәндіктер – саған үлгі. Өрмекші маса мен шыбынды тұзақ құрып ұстаған соң, өзіне азық етеді. Құмырсқа балаларына тамақ алып бара жатыр. Қарлығаш балапандарына ұя салу үшін шөп жинап жүр. Жұмыссыз жүрген бір жан жоқ. Сен де жұмыс істеуге әдеттенуің керек.<br>–Балалар, әңгіме сендерге ұнады ма?<br>–Әңгіме не туралы айтылған?<br>–Әңгімедегі кейіпкерлер қандай екен?<br>–Енді осы әңгімені келген қонақтар бізге сахналап берсін.( Қонақтар сахналап айтып береді).<br>–Балалар сендер буынға бөле аласыңдар. | **2.Математика негіздері**<br>**Міндеті:** Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту<br>**Күтілетін нәтижелер:** геометриялық пішіндердің (дөңгелек, сопақша, ұшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) ажыратады және айтады:<br>Пішіндердің атауларын: денелердің атауларын: текше, шар, цилиндр бекіту дөңгелек, сопақша, ұшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш,.<br>**Әдісі:** түсіндіру, сұрақ жауап, топтық, жұптық.<br>**Топтық жұмыс**<br>Педагог заттардың тиісті түспен бояуды ұсынады. Арттық затты тауып, атау керек. Балалар тапсырманы орындайды, артық затты тауып оны бояйды – қалпақ.<br><br>**«Шын немесе жалған» дидактикалық ойыны**<br>Педагог зат пен форманы атайды. Мысалы, «доп дөңгелек», «қорап доп тәрізді». Егер мәлімдеме дұрыс болмаса, онда балалар қолын айқастыра көкірегіне қояды немесе бастарын шайқайды. Егер дұрыс болса – қол шапалақтайды. Алма дөңгелек, қорапша тәрізді, терезе төртбұрыш т. Б.<br><br>**Ойын: «Өз пішініңді тап!»**<br>**Шарты:** балаларға пішіндер беріледі, сол пішіндерді өз ұяшыққа орналастыру керек. | **2.Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеттері:** Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттармен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау.<br>**Күтілетін нәтижелер:** әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті, әдепті ұстайды;<br><br>Суреттер бойынша сипаттау.<br>**« Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш»** әңгімесін мазмұны бойынша әңгімелеп айтуды үйрету<br><br>Педагог: "Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш" әңгімесін оқып береді.<br>Атасы мен баласы далада келе жатып, атасы баласынан сұрайды:<br>–Анау өрмекшіні көрдің бе? Бала:<br>–Көрдім, өрмек тоқып жүр. Ата:<br>–Анау құмырсқаны көрдің бе? Бала:<br>–Көрдім, аузында нанның ұнтағы бар, кетіп барады. Ата:<br>–Жоғары қара, аспанда не көрінеді? Бала:<br>–Жоғарыда қарлығаш ұшып жүр, аузында тістеген шөбі бар, – дейді. Сонда атасы былай дейді:<br>–Олай болса, шырағым, ол кішкентай жәндіктер – саған үлгі. Өрмекші маса мен шыбынды тұзақ құрып ұстаған соң, өзіне азық етеді. Құмырсқа балаларына тамақ алып бара жатыр. Қарлығаш балапандарына ұя салу үшін шөп жинап жүр. Жұмыссыз жүрген бір жан жоқ. Сен де жұмыс істеуге әдеттенуің керек.<br>–Балалар, әңгіме сендерге ұнады ма?<br>–Әңгіме не туралы айтылған?<br>–Әңгімедегі кейіпкерлер қандай екен?<br>–Енді осы әңгімені келген қонақтар бізге сахналап берсін.( Қонақтар сахналап айтып береді).<br>–Балалар сендер буынға бөле аласыңдар.<br>Әңгімедегі өрмекші, құмырсқа, қарлығаш | **2.Қазақ тілі**<br>**Міндеттері:** Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға үйрету.<br>**Күтілетін нәтижелер:** тыңдалған шығарманы еркін талқылауға қатысады;<br>Балалар, мен сендерге **«Ай, Күн және Қораз» т**уралы аңыз оқып берейін:<br>Бұл өте ертеде болыпты, содан бері қанша жыл өткенін есептеп айтуға сан жетпейді екен. Аспанда ағайынды үшеу: Күн, Ай және Қораз тұрыпты. Бірде ең үлкені Күн адамдарға жарық сәуле шашуға кеткенде, үйде Ай мен Қораз<br>қалыпты. Ай барып тұрған сотанақ екен. Қоразға тыным бермей, ақыры тәжінен ұстап алып, жерге тастап жіберіпті. Қайта оралған Күн болған оқиғаны біліпті.<br>Ойланып отырып, былай депті: «Менің байқауымша, сенің ешкіммен сыйысып, тыныш отыра алатын түрің жоқ екен. Қайтып бетіңді көрмеймін. Бұдан былай мен аспанда күндіз ғана жүремін, ал сен тек түнде шығасың», – депті.<br>**Сұрақтар бойынша мазмұндау.**<br><br>**Дид. ойын: «Тез айт, қайтала!»**<br>**Шарты:** Суреттер арқылы қандай ертегі екенін айтып, ажырату.<br><br>**Ойын; «Кім немен айналысады?»**<br>**Шарты:** Ертегі кейіпкерлеріне мінездеме беру, сипаттау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Әңгімедегі өрмекші, құмырсқа, қарлығаш сөздерін буынға бөлінді.<br>Ата, бала, құмырсқа, өрмекші, қарлығаш дегеннің бәрі – сөздер. Сөз буыннан тұрады | | сөздерін буынға бөлінді.<br>Ата, бала, құмырсқа, өрмекші, қарлығаш дегеннің бәрі – сөздер. Сөз буыннан тұрады | |
| | **Үзіліс** | | | | |
| | Ойын: «Әуедегі атыс» қимылды ойыны<br>Мақсаты: Топпен қарым-қатынасты нығайту, тез қимылдау.<br>Ойынның шарты: Бұл сайыста оқушыларды екі топқа тең бөлесіз. 1-топқа бірыңғай қызыл түс (өз қалауыңыз бойынша да таңдауға болады), 2-топқа жасыл түсті үрленген шар беріп, екі команданың арасын түзу сызық етіп бормен сызып қоясыз. Музыка ырғағымен екі команда өз шарларын қарсылас команда жаққа лақтыру керек. Қай топ жылдам сол жеңіске жетеді. | | |   | |
| 3-ші ұйымдастырылған іс- әрекет | **3.Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеттері:** Көгөністердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу.<br>**Күтілетін нәтижелер:** қолды жазуға дайындауға берген тапсырмаларды қызығушылықпен орындайды;<br><br>Д\Ойын<br>«Бауда ма, бақшада ма?»<br><br>Көкөністер мен жемістерді балаларға топтастырып жинату.<br><br>«Жемістер мен көкөністер» өлеңін жаттау. Алма,алмұрт,қарбыз, қауын Бәрі бақта піседі<br>Жапырақтар сусып-сусып<br>Жерге жаймен түседі.<br><br>**Үстел үсті ойыны:**<br><br>оқушыларға боялмаған көгөністердің суреттерін таратып беремін. Тақтада сол көгөністердің суреттері ілулі тұрады. Көгөністердің түстерін тақтадағы суреттер қарап шатыстырмай бояуы керек. | **3.Математика негіздері**<br>**Міндеті:** Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту<br>**Күтілетін нәтижелер:** геометриялық пішіндердің (дөңгелек, сопақша, ұшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) ажыратады және айтады:<br>**Әдісі:** түсіндіру, сұрақ жауап, топтық, жұптық.<br>**Топтық жұмыс**<br>Педагог заттардың тиісті түспен бояуды ұсынады. Арттық затты тауып, атау керек. Балалар тапсырманы орындайды, артық затты тауып оны бояйды – қалпақ.<br><br>**«Шын немесе жалған» дидактикалық ойыны**<br>Педагог зат пен форманы атайды. Мысалы, «доп дөңгелек», «қорап доп тәрізді». Егер мәлімдеме дұрыс болмаса, онда балалар қолын айқастыра көкірегіне қояды немесе бастарын шайқайды. Егер дұрыс болса – қол шапалақтайды. Алма дөңгелек, қорапша тәрізді, терезе төртбұрыш т. Б.<br><br>**Ойын: «Өз пішініңді тап!»**<br>**Шарты:** балаларға пішіндер беріледі, сол пішіндерді өз ұяшыққа орналастыру керек. | **3.Қазақ тілі**<br>**Міндеттері:** Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға үйрету.<br>**Күтілетін нәтижелер:** тыңдалған шығарманы еркін талқылауға қатысады;<br><br>**«Ақсақ құлан»** аңызын мазмұны бойынша әңгімелету<br>–Балалар, құлан – жылқы тектес жануар.<br>–Сендер жылқыны білесіңдер ме?<br>–Құланың да, жылқы сияқты, жалы бар, бірақ ол – жабайы жануар.<br>–Мен сендерге «Ақсақ құлан» аңызын оқып берейін. Аңыз – бұл түп нұсқасы болған оқиға. Ауыздан-ауызға ұмытылмай жеткен оқиғаны аңыз деп айтамыз.<br>**1.Дидактикалық ойын:** «Сөз айт, тез айт »<br>Ойын шарты: Балалар допты лақтырып, «Ақсақ құлан » аңызы туралы бір-біріне сұрақтар қояды.<br>**2.Топтық ойын:** Сурет құрастыру | **3.Қоршаған орта**<br>**Міндеті:** Тірі және өлі табиғаттың маңыздылығын түсіну<br>**Күтілетін нәтижеелер:** тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары арасындағы себеп –салдарлық байланыстарды бақылайды және түсінеді;<br>**Әдісі**: түсінліру, сұрақ жауап, топтық.<br><br>Ойын — ойнау, «Құм, тас, су. Басы «құм» дегенде әр жерде шашыраңқы болып отыру. «Тас»дегенде өз қолымен мүсін жасап тұра қалу, «су» дегенде толқын жасап қозғалу». (Балалар қимылмен көрсетеді)<br><br>**Табиғат туралы мақал — мәтелдер:**<br>Таза болса табиғат<br>Аман болар адамзат.<br>Туған жердің суы тәтті<br>Топырағы да ыстық.<br><br>**Ойын: «Атын ата, тап!»**<br><br>Шарты: Тірі және өлі табиғат түрлерін атау, ажырату.<br><br>Ойын: «Қолшатыр»<br>Шарты: қолшатырдағы тапсырмаларды орындайды. | **3.Қоршаған орта**<br>**Міндеті:** -Ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын байыту<br>**Күтілетін нәтижеелер:** көрікті жерлермен тарихи орындарының маңыздылығын түсінеді;<br>**Әдісі:** түсіндіру, сұрақ жауап, топтық.<br><br>Балалар сендер саяхатқа шыққанды ұнатасыңдар ма? Мен сендерге сұрақ қоямын сендер жауабын айтыңдар.- Біздің мемлекетіміз қалай аталады?<br><br>Елордамыз қай қала?Дұрыс айтасыңдар балалар біз бүгін осы Нұрсұлтан қаласына саяхатқа барамыз.<br><br>- Нұрсұлтан қаласына қандай көлікпен барғанды ұнатасыңдар?<br>Олай болса балалар көзімізді жұмып, екі қолымызды жайып, өзімізді ұшақта отырғандай сезінейік.<br>Әуен қойылады.<br>**Нұрсұлтан арман қала**<br>**Бағы бір жанған қала**<br>**Тұрады ол жап-жас болып**<br>**Мен үлкен болғанда да.**<br>Ал балалар көздерімізді ашамыз міне арман қала Нұрсұлтанға да келіп жеттік. Ендеше Нұрсұлтан қаласының көрікті жерлерімен танысайық.<br>**Ақ орда** -Елбасшымыз шетелден келген конақтарды қабылдап, мәжілістер мен ресми жиындар өткізетін орын.<br>**Бәйтерек** -Қазақстан мемлекетінің символы. Дүние жүзінде теңдесі жоқ,бірегей сәулетті ғимарат.<br>**Ойын: «Кім көп біледі?»**<br>Шарты; Қима суреттерден рәміздерді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| |  | | | | құрастыру.<br>**Ойын: «Жер, су, ауа»**<br>Шарты: Әр құбылысқа қажетті қимылдарды жасап көрсету. |
| | **Үзіліс** | | | | |
| | Саусақ гимнастика жаттығулары:<br>1.Шынжыр. Оң және сол қолдағы басбармақпен баланүйрек саусақтары түйісіп, жүзіктер секілді айқасып, шынжыр жасайды.<br>2. Піл: оң қол алақаны жайылып тұрады. Сол қол саусақтары бас бармақ пен кішкене бөбек артқы аяғы болса, баланүйрек саусақ пен шылдыр шүмек саусақ алдыңғы аяқтар, ал ортаңғы саусақ пілдің тұмсығы.<br>3. Доп: алақандар бір-бірімен жабысады. ( доп пішінін жасайды).<br>4. Гүл: қолдар, саусақтар жоғары қарайды. Алақандар айшанақпен қосыла түптері өзара жанасады. Саусақтар ашылады. Осы жаттығуларды орындай отырып, мына өлең жолдарын айтады.<br>Саусақтар шынжыр болады,<br>Үзілмейді тартсаң да,<br>Ал, піл келіп шынжырды,<br>Үзіп кетті басқанда.<br>Тұмсығымен доп іздеп,<br>Ойнағысы келіп тұр.<br>Достық үшін пілге мен,<br>Гүл сыйлағым келіп тұр.<br> | | <br> | | ***Ойын: «Көршілеріңді ата»***<br>**Мақсаты:** кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру, сөздік қорларын молайту.<br>**Жасы:** 5-6 жас аралығы<br>**Қажетті заттар:** түрлі суреттер салынған қағаз беті.<br>**Ойын барысы:** бұл үшін әр түрлі суреттер салынған қағаз беті пайдаланылады.<br>**1 нұсқа:** педагог баладан қандай да бір затты атап, оның оң жағында, сал жағында, үстінде, астында не барын атауын сұрайды.<br>**2 нұсқа:** педагог баладан қағаздың оң жақ жоғары бұрышында ненің суреті барын, беттің ортасында ненің суреті бары, т.с.с. сұрайды. |
| 4-ші ұйымдастырылған іс- әрекет | **4.Музыка**<br>**Міндеті:** Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау<br>**Күтілетін нәтижелер:** қарапайым музыкалық жанрларды ажыратады<br>**Суреттермен жұмыс**<br>Театрдағы ережелер туралы әңгімелеп беру.<br>Суреттерде қандай өнер орталықтары көрсетілгенін көрсету.<br><br>Үнтаспадан тыңдату.<br>Опере, балет өнерлері.<br><br>Музыка тыңдау:<br>«Айды әперші, апатай» (Е. Өміров)<br>Ән айту: «Ғарышкер боламыз» | **4.Дене шынықтыру**<br>**Міндеті: -** Допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы 4–5 метр<br>**Күтілетін нәтижелер:** допты жоғары, жіптің үстінен лақтырып бір қолымен қағып алады;<br><br>«Жаңылысқан ұтылады»<br>«Доп» тақтайшасын көрсеткенде секіре жөнеледі, «тас» тақтайшасын көрсеткенде арқасын дөңгелетіп отыра қалады, «тырна» тақтайшасын көрсеткенде бір аяқпен тұра қалады.<br>Топтарға бөлініп, негізгі жаттығуларды орындау.<br>Қауіпсіздік ережелерін үнемі еске салып отыру керек. Топтардағы | **4.Музыка**<br>**Міндеті :** Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйретуді жетілдіру.<br>**Күтілетін нәтижелер:** қарапайым музыкалық жанрларды ажыратады<br><br>**Музыка тыңдау:**<br>Отан, туған жер туралы әндерді тыңдату, суреттерден көрсету.<br>Ән тыңдату.<br><br>Отан әнін тыңдау.<br>Ән айту: «Ғарышкер боламыз»<br>(Ш. Мұхамеджанов) | **4.Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:** Допты жоғарыдан (алға және артқа) бір-біріне беру<br>**Күтілетін нәтижелер:** допты жоғары, жіптің үстінен лақтырып бір қолымен қағып алады;<br><br>**Сапқа тұру, саппен жүру, саппен жүгіру.**<br>3.«Мың бұралып майысқан» – арқан төмендеген сайын, арқасын артқа шалқайтып тартылған арқаннан өтіп кетуде күш сынасады.<br>Топтарға бөлініп, ең аласа бойы бар баламен өлшеп тартылған арқанның астынан өтеді.<br>Тепе-теңдікті сақтап, артқа қарай тек | **4.Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:** Допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізу.<br>**Күтілетін нәтижелер:** допты жоғары, жіптің үстінен лақтырып бір қолымен қағып алады;<br><br>Себетке доп лақтыру.<br>Допты кеуде тұсында ұстап, төменнен доға сызады. Саусақтары жазылып, сермейді.<br>Баскетбол қалқанынан 2 метр қашықтықта тізбектерге тұрады. Бастапқы қалыпқа дұрыстап тұрады. Аяқтарын тізеден аздап бүгеді. Аяқтарын иық деңгейіне қойып, бір аяғын аздап алдыға шығарады.<br>Денесі алдыға итеріліп, бар салмақ екі аяққа бөлінеді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (Ш. Мұхамеджанов)<br>«Қайырлы таң» (Е. Өміров)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Көңілді би» (И. Штраус)<br>Би шығармашылығы:<br>Өз беттерінше би ойлап шығару.<br>Ойындар, хороводтар:<br>«Қанша дыбыс» ойыны (Дидактикалық ойындар жинағынан) Музыкалық аспапта ойнау:<br>«Тамшылар» румын х.ә. (өңдеген Т. Попатенко).<br><br>**ОЙЫЕ: «Мені, қайтала!»**<br>**Музыка әуені арқылы әртүрлі аңдардың қимылдарын салып, көрсетіп жасау.** | бастаушылардың дұрыс ауысып тұруын қадағалау.<br><br>Саппен әр түрлі дене жаттығуларын орындау.<br><br>**Қимылды ойын: «Мәреге тез жету»**<br><br>Мақсаты: Шапшаңдыққа, жылдамдыққа үйрету. | Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Көңілді би» (И. Штраус)<br>Музыкалық ырғақты қимылдар.<br><br>Марш.<br><br>Ойындар, хороводтар:<br>До ре ми Билер<br><br>**Ойын: «Сиқырлы ағаш »**<br>Музыка әуенімен ноталар тізбегін құрастыру. | қана арқанның тұсына келгенде қайырылып өтуге машықтанады.<br><br>**Қимыл-қозғалыс ойыны**:<br>«Арқаннан секіру»<br>Ойыншылар шеңбер құрып тұрады. Шеңбердің ортасында бастаушы тұрып алып, арқанның бір ұшынан ұстап екінші ұшын жерге домалата отырып, айналдырады. Айналдыруды баяулап, тездетіп тұрады. Айналдырып тұрып, ойыншыларғы тигізуге тырысады. Ойыншылар аяғының дәл астына келген сәтте арқаннан секіріп, аяғын алып қашып үлгереді | Қолдар шынтақтан аздап бүгіліп, кеуденің тұсында тұруы керек.<br>Допты бір орында тұрып, екі қолмен кеудеден себетке лақтырады.<br><br>**Қимыл қозғалыс ойыны**. «Секір-секір. » |
| Серуенге дайындық | Серуенге деген қызығушылықты ынталандыру.Киіну: жүйелік, серуенге шығу, ережелері сақтау, балалармен жеке әңгімелер жүргізу | | | | |
| Серуендеу | Ауа райы құбылыстарын және табиғи обьектілерді бақылау<br>(№ 7 карточка)<br>Шырша ағашын бақылау<br>Еңбек әрекеті: «шырша ағашының айналасын тазалау» | Ауа райы құбылыстарын және табиғи обьектілерді бақылау<br>(№ 8 карточка)<br>Су тамашыларын бақылау<br>Еңбек әрекеті: кішкентайлардың ойын алаңына баратын жолға құм шашуға тәрбиешіге көмектесу | Ауа райы құбылыстарын және табиғи обьектілерді бақылау<br>(№ 10 карточка)<br>Қардың еруін бақылау<br>Еңбек әрекеті: Тәрбиешімен бірге ауладағы сынған ағаш бұталарын шығару | Ауа райы құбылыстарын және табиғи обьектілерді бақылау<br>(№ 11 карточка)<br>Ұшып келген құстарды бақылау<br>Еңбек әрекеті: гүл егетін орынды тазалап, гүл отырғызуға дайындау | Ауа райы құбылыстарын және табиғи обьектілерді бақылау<br>(№ 13 карточка)<br>Тастарды бақылау<br>Еңбек әрекеті: Ұжымдық жұмыс, балабақша аумағын тазалау. |
| Балалардың дербес әрекеті | Балалардың қызығушылығы мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып ұйымдастырылған әр түрлі балалар іс –әрекеті ойын түррінде жүзеге асырылады | | | | |
| Балалармен жеке жұмыс | Балалармен жеке жұмыс: әңгіме, дидактикалық ойындар, бейнелеу әрекеті арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту және т.б | | | | |
| Балалардың үйдеге қайтуы | Балалардың жетістіктері туралы әңгіме, баланың тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап беру, кеңестер беру | | | | |

**Бекітемін:**
**Оқу ісі меңгерушісі: С.Қанатбаева**

# Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Т.Жаманмұрынов атындағы ЖББОМ мектебі

Тобы: мектепалды даярлық тобы

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрыл кезеңі ( күні, айы, жылы) 22-26.04.2024жыл

| Күн тәртібі | **Дүйсенбі**<br>**22.04.2024** | **Сейсенбі**<br>**23.04.2024** | **Сәрсенбі**<br>**24.04.2024** | **Бейсенбі**<br>**25.04.2024** | **Жұма**<br>**26.04.2024** |
|---|---|---|---|---|---|
